

*М. Б. Әмірханов
Ө. Д. Сандықбаева*

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА
ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Оқу құралы

**Алматы
2007**

ББК 63.5
Ә 56

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент – **Т. Қ. Мекебаев**,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент – **Ф. А. Қозыбақова**.

Редакциясын басқарған: профессор **Т. Қ. Қаратаев**.

Ә 56 **М. Б. Әмірханов, Ө. Д. Сандықбаева**

Ежелгі және орта ғасырлардағы қазақстан тарихы: Оқу құралы
– Алматы: «Нұр-пресс», 2007.-59 бет

ISBN 9965-30-141-7

Бұл оқу құралда Қазақстан тарихының белгілі бір кезеңдерін жаңа қырынан көрсетуге талпыныс жасалынған. Онда Қазақстандағы тарихи процестердің даму барысындағы негізгі жаңа мәліметтер келтірілген. Оқу құрал шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің тарих пәнінен оқитын шетелдік студенттер мен оралман тыңдаушыларға арналған.

Ә $\frac{0505000000 - 227}{460(05) - 06}$

ББК 63.5

ISBN 9965-30-141-7

© Авторлық ұжым, 2007.
© Нұр-пресс, 2007.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанның тәуелсіздік алуы халқымыздың ұлттық сана-сезімінің, ой-өрісінің дамуына оң әсерін тигізді, сонымен қатар ол еліміздің тарихын тереңірек зерттеуге, ғасырлар қойнауындағы деректерді байыпты зерделеуге мол мүмкіндік берді. Қазақстан тарихы Қазақстан Республикасы азаматы үшін Отан тарихы болып есептеледі. Ал өз отанының тарихын білу мемлекетіміздің әрбір саналы азаматының қасиетті борышы. Тәуелсіздігімізге қол жеткізген аз ғана жылдардың ішінде біз төл тарихымыз төңірегінде анағұрлым көбірек біле бастадық. Халқымыздың жүріп өткен ұзақ жолы өзге жұрттан кем емес. Еліміздің тарихы қазіргі жалпы дүние жүзілік тарихтың, соның ішінде Еуразия тарихының, түркі халықтары тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Өткен тарихқа мән беру дегеніміз әлемдік өркениеттің жетістіктері мен ежелгі тарихтың, әдебиеттің, өнердің ғажайып ескерткіштері туралы біліп қана қоймай, сонымен қатар ол қазіргі қоғамның ажырамас бір бөлігі екендігін ескеру керек. Өйткені тарихи тәжірибенің қазіргі заманға баға берудегі болашақты болжаудағы орны ерекше.

Осы еңбекте көне заманнан бергі Қазақстан тарихын толығырақ қамтуға талпыныс жасалды. Бұл басылым Қазақстанның ерте замандардан бүгінгі күнге дейінгі тарихының аса күрделі қайшылығы, мол процестерін оқырманның дұрыс қабылдап, ой елегінен өткізуіне жәрдемдесетін көмекші құрал болып табылады. Еңбекте Қазақстан жеріндегі алғашқы адамдар, олардың тұрмыс-тіршілігі, бір-бірін алмастырған мемлекеттер, олардағы қарым-қатынастар халықтың отаршылдыққа қарсы күресі баяндалып айтылады.

Жалпы, “тарих” деген атау өте ертеден бар. Оны алдымен қолдағандар гректер мен арабтар. Қазақша мағынасы “баяндау”, “өткен оқиғалар жайлы әңгіме” дегенді білдіреді. Тарих туралы алғашқы кітапты грек тарихшысы Геродот жазды. Онан бері екі жарым мың жылға жуық уақыт өтті. Сондықтан да дүние жүзі Геродотты “тарихтың атасы” дейді.

Тарихты білу кімге де болса қажет. Тарих алдымен өзіңнің өмір тарихыңды, өзің туып-өскен өлкеңнің, туған халқыңның, еліңнің тарихын оқып үйренуден басталады. Қазақстан тарихы

бәрінен бұрын қазақ халқының, Қазақстанды сондай-ақ мекендеген басқа да халықтардың тарихын оқытады. Бүкіл адам баласы басынан кешірген кезеңдерге, оның тарихында болған өзгерістерге тарих төрт бөлімге бөлінеді: Ежелгі Қазақстан тарихы, орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы, жаңа замандағы Қазақстан тарихы, қазіргі замандағы Қазақстан тарихы.

I ТАРАУ. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН

§ 1. Қазақстан тас дәуірінде

Тас дәуірі адамзат тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде адамның, оның мүсін-кейпі мен мінез-құлқы күн көріс тіршілігі қалыптасты. Тас дәуірі осыдан 2,5 млн. жыл бұрын басталып, б.з.д. 3 мыңжылдықта аяқталды.

Ғылыми зерттеулерге қарағанда адам баласы осыдан 2 миллион жыл бұрын пайда болған. Бұл деректі археология ғылымы дәлелдеген. Археология-тарихи ескерткіштер, мұралар арқылы адам баласының өткен тарихын зерттейтін ғылым. Ең алғашқы адамның сүйегі Шығыс Африкада (Кения жерінің Олдувай шатқалы) табылды.

Адам дамуының сатылары:

1. “Епті адам” табылған жері - Африка (Кения жеріндегі Олдувай шатқалы) - 1 млн. 750 мың жыл, бұрын өмір сүрген.

2. “Тік жүретін адам” 1 млн жыл бұрын өмір сүрген:

а) питекантроп: табылған жері - Ява аралы (1891 жыл), Индонезия

ә) синантроп: табылған жері - Қытайдағы Чжо-коу-дянь үңгірі (1927 жыл).

3. “Неандертал адамы” табылған жері - Германиядағы Неандертал өңірі. Өзбекстанның солтүстік өңіріндегі Тесіктас үңгірі (1938 жыл).

4. “Кроманьон адамы” - Франциядағы Кро-Маньон үңгірінен табылған.

Адам баласының ең алғашқы еңбек құралдары тастан жасалған және бұл кезең ұзақ уақытқа созылған. Осыған байланысты алғашқы тарихи кезең *тас дәуірі* деп аталған.

Тас дәуірінің кезеңдері

1. Палеолит (ежелгі тас дәуірі)

а) ерте палеолит

ә) орта палеолит

б) кейінгі палеолит

2. Мезолит (орта тас дәуірі)

3. Неолит (жаңа тас дәуірі)

1. Палеолит (ежелгі тас дәуірі)

а) ерте палеолит (б.з.д. 2 млн.- 40 мыңжылдықтар).

Оңтүстіктегі Үнді мұхиты жағынан қазақ жеріне жылы ауа келіп тұрған. Сондықтан Қазақстанда субтропиктік ормандар өскен. Сол кезде Қазақстан жерін мекендеген жануарлар: өзен, көлдердің жағасында пілдер, шалғында жылқылар, таулы жерлерде аюлар, мамонттар, бұғылар, бизондар, арқарлар, тауешкілер т.с.с.

Қазақстан жеріндегі ежелгі адамның іздері ерте палеолит дәуіріндегі б.з.д. 800-140 мыңжылдықтарға сәйкес келеді. Алғашқы адамдар Қаратау (Жамбыл-Шымкент облыстары) жотасы мен Қарасу (Шымкент обл. Алғабас ауд.) тұрағында мекендеген. Ең көне тас құралдар Оңтүстік Қазақстаннан табылды. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстанда тас ғасыры адамының тұрақтарын тапқан ғалым археолог ғалым Х. Алпысбаев болатын. Ерте палеолитке Шабакты, Бөріқазған тұрақтары жатады. Алғашқы адамдардың айналысқан істері: аң аулау, терімшілік. Алғашқы адамдардың баспанасы: тау үңгірлері, үңгіме қуыстар, тау шатқалдары т.б. Адамдар табиғаттың каталдығына қарсы тұру үшін, бірігіп аң аулап тіршілік етті топтасып өмір сүрді. Олар пайдаланған тас құралдар мыналар: *кварцит, обсидан, тақтас, шақпақ тас.*

ә) Орта палеолит (б.з.д. 140- 40 мыңжылдықтар).

Орта палеолит дәуірі *мустьер дәуірі* деп аталады. Бұл дәуір ертедегі адамның одан әрі өсіп-дамуымен, мәдени дамуының жаңа кезеңге көтерілуімен ерекшеленеді. Орта палеолит дәуірінің адамдары *неандерталдықтар* деп аталады. Антропологиялық келбеті: мойыны қысқа келеді, тістері ірі болады, сөйлеу қабілеті толық қалыптаспаған. Негізгі кәсібі: аң аулау, терімшілік. Аңды қауым болып топтасты аулаған.

Басты ерекшеліктерінің бірі-шақпақ тастан от шығаруды үйренді. Діни наным-сенім қалыптаса бастады. Мәселен өлікті жерлегенде бір қырына жатқызып, аяғын бүгеді екен. Тас өңдеу әдісі жетілді. Еңбек құралдары, негізінен, *нуклеустан* жасалды. Бұл кезеңнің археологиялық ескерткіштері Оңтүстік Қазақстанның Топалы шатқалы мен Қызылрысбек тұрағынан табылған. Сондай-ақ, орта палеолитке Уалиханов атындағы тұрақ жатады.

б) Кейінгі палеолит (б.з.д. 40-12 мыңжылдықтар).

Бұл дәуірде адам баласы дамуындағы тағы бір жаңа кезең басталып, қазіргі адамға ұқсас адамдар қалыптасты. Бұл адамдарды “*саналы адамдар*” немесе *кроманьон* адамдары деп атайды. Адамдар пышақ тіліктерін жасай алатын дәрежеге жеткен.

Бұл адамдардың антропологиялық белгілері: бастары сопақша, маңдайлары жазық, бойлары ұзын, денесін тік ұстап жүретін болған. Негізгі кәсібі: аң аулау, терімшілік. Аулайтын аңдары: бұғы, марал, жылқы, мамонт. Теретін жеміс-жидектері: жабайы алма, алмұрт, саңырауқұлақ, сәбіз, жаңғақ т.б.

Еңбек құралдарының 20 шақты түрі болған. Адамдар тау үңгірлерін, қуыстарды баспана қылған. Бұл кезеңге тән баспаналар әзірге Қазақстан жерінен табылған жоқ. Бұл дәуірде адамдардың топтасып өмір сүру нәтижесінде рулық қауым қалыптасты. Сонымен қатар өнер де пайда болды. Бұл дәуір адамдарының бұрынғылардан бір ерекшелігі сол рухани жағынан әжептәуір жоғары болды. Үңгір қабырғаларына салынған суреттер осылай дейді. Кейінгі палеолит адамдары Қазақстанның барлық аумағынан табылады. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстандағы Ащысай тұрағы, Орталық Қазақстандағы Батпақ тұрағы, Қарабас көмбесі т.б.

2. Мезолит дәуірі. Ежелгі тас ғасыры палеолит пен жаңа тас ғасыры неолит арасындағы өтпелі дәуірді орта тас ғасыры немесе мезолит деп атаймыз. Ол б.з.д. 12-5 мыңжылдықтар кезеңін қамтиды. Мезолит дәуірі 7 мың жылға созылды. Бұл дәуір тарих ғылымында өте аз зерттелген Қазақстанда табылған ескерткіштері көп емес.

Табиғаты: ауа райы күрт жылынып, мұздар ереді. Шөбі, өсімдігі мол жерлер сиреп қалды. Бірқатар жануарлар (мүйізтұмсықтар, мамонттар) кұрып кетті. Аң аулау сол кездегі адамдардың негізгі кәсібінің бірі болды. Аңшылық қарулар: жебелі садақ, бумеранг т.б. Садақты алғашында ағаштан жасаған. Жебелері де ағаш, ұштары сүйек. Жебе 80- 450 метрге дейін жететін болған. Бумеранг ағаш ораққа ұқсас қару. 100 метрге дейін ұшады. Мезолит кезеңінде жебенің доғал және домалақ оқтұмсықтарын аңшылар терісі бағалы аңдарды аулау үшін қолданған. Балық аулау да жақсы дамыды. Оның себебі мұздар еріп, өзен, көлдер көбейді. Бұл дәуірде адамдар Еуропа, Азия, Америка

материгін игерді. Дәуірдің ерекшеліктері: жануарларды қолға үйрету, дәнді дақылдар өсіру.

2. Неолит дәуірі (б.з.д. 5-3 мыңжылдықтар). Неолит дәуірі тас дәуірінің соңғы кезеңі немесе жаңа тас дәуірі деп аталады. Бұл кезең тастардың тиімді қасиеттерін тауып, кәдеге жаратқан табысты кезең болды. Еңбек құралдарын жасаудың тәсілдері жетілдірілді. Бұл дәуірде біраз ерекшеліктер болды. Ең алдымен қоршаған орта қазіргідей кейіпке жетті. Адамдар жануарларды қолға үйретумен айналысты. Шаруашылықтың дамуына, оның жаңа түрлерінің көбеюіне байланысты адамдардың кәсіби қабілеті де дами бастады. Жаңа тас дәуіріндегі адамдар бұрынғы адамдардан барлық жағынан жоғары тұрды. Олардың құралдары: қыш ыдыс, керамика, дән үккіш, балта, кетпен, келі, сәндік бұйымдар т.б. Бұларды саз балшықтан, тастан, граниттен, мыс, алтын, қорғасын сияқты металдардан т.б. заттардан жасаған. Адамдар мата тоқып, киім тігуді үйренді. Керамикалық заттарға геометриялық өрнектер салатын болған.

Неолит дәуірінің басты ерекшелігі еңбек өнімдеріне қол жеткізу. Неолит дәуірінде солтүстік-шығыс Балқашта құралдарды *яшма* мен *кварциттен* жасаған. Бұл дәуірде әйел еңбегінің маңызы артты, олар қоғамда жетекші орын ала бастады. Осылайша неолит дәуірінде аналық ру қалыптасты. Неолит дәуіріндегі тұрақтар: Сексеуіл тұрағы, Қарақұдық тұрағы. Солтүстік Қазақстанның неолиттік мәдениеті атбасарлық және маханжар болып екіге бөлінеді. Атбасар мәдениетінің тұрғындары Есіл бойының далалық өңірлеріне қоныстанып, негізінен аң аулаумен айналысқан. Ал, Маханжар мәдениетінің ескерткіштері Торғай мен Тобыл алқаптарында шоғырланған. Мұндай ұқсастықтар Еуразияның далалық алқаптарындағы тайпалардың мәдени және этникалық жағынан өзара жақын болғанын көрсетеді.

§ 2. Қазақстан қола дәуірінде

Қола дәуірі (б.з.д. 2—1 мыңжылдықтар). Тас дәуірі аяқталғаннан кейін, қола дәуірі басталады. Қола дәуірі деп аталуының себебі, осы кезде Еуразияда қола өндіру тәсілі дүниеге келген. Қола дәуірінде рулық қатынас жойылып, тайпалық бірлестіктер құрылды. Алғашқы қоғамдық еңбек бөлінісі қалыптасты, оған

мал шаруашылығының егіншіліктен бөлінуі себеп болды. Қола дәуірінде бүкіл Қазақстан жерінде мал шаруашылығы жетекші салаға айналды.

Қола дәуірінің үш ерекшелігі:

1. Қола металлургиясы. Түсті металдар, оның ішінде алтын, өндірістік жолмен игеріле бастады. Қазақстанның бірнеше өңірінде кен орындарын табылуы бұған дәлел.

2. Бақташылық, мал шаруашылығы. Мал өсіру негізгі кәсіпке айналды. Үй жануарларының түрі көбейді.

3. Егіншілік. Егіншілік біршама дамыды. Металлургияның, мал шаруашылығы мен егіншіліктің дамуы ер адамдардың қоғамдағы рөлін арттырды. Сондықтан аналық рулық қатынастардың орнына аталық отбасылық рулық қатынас орнады.

Андронов мәдениеті. Қазақстанда қола дәуіріндегі тайпалардан көптеген тұрақтар, кен орындары, тағы басқа археологиялық ескерткіштер қалған. Бұларды Андронов мәдениеті деп атайды. Бұл мәдениет Еуразиядағы қола дәуірінің ең ірі мәдениеті. Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіші 1914 жылы Сібір жеріндегі Андронов қонысындағы Ачинск ауылының маңынан табылған. Қола дәуіріндегі ежелгі қалалардың ең ескі тұрағы - *Арқайым*. Ол Қостанай және Шелебі облыстарының шекарасында орналасқан. Андронов мәдениетінің ескерткіштері Енисейден Оралға дейінгі өте үлкен аймаққа таралды.

Бұл мәдениеттің Қазақстандағы ескерткіштері Солтүстік-Батыс және Орталық Қазақстанда орналасқан. Орталық Қазақстанда Андронов мәдениетінің 30-дан аса мекені, 150-ден аса молашы табылды. Кейінгі қола дәуірінің мәдениеті *Бегазы-Дәндібай* мәдениеті деп аталады. Андронов мәдениеті кезеңіндегі тайпалар геометриялық өрнек салуды білген.

Адамдар мыс пен қалайыны қосып қорытуды үйренген. Ол б.з.д. 2 мыңжылдықта басталған. Андроновтықтарда негізінен, отырықшы шаруашылық басым болған. Бұл, әрине егіншіліктің болғанын көрсетеді. Жерді тесемен өндеген, сондықтан сол кездегі егіншілік *“теселі егіншілік”* деп аталған. Көбінесе бидай, тары өсірілген. Алғаш рет соқаны Андроновтықтарда патша салған. Қола дәуірінің тайпалары үнді-ирандық тілде сөйлеген.

Андронов көлөнері: Қола дәуірінде Қазақстанды мекендеген тайпалар ыдысты қыштан жасаған. Андронов мәде-

ниетінің археологиялық рәмізі сырға мен алқа. Үй кәсіпшілігінде тоқыма кәсібі дамыған.

Андроновтықтардың кен өндіру әдістері:

- а) Жұмсақ кен өндіргенде опыру әдісін қолданды;
- ә) Қатты кен өндіргенде отпен уату әдісін пайдаланды;
- б) үнгіп қазу әдісі.

Андроновтықтар өндірген кенді сумен шаятын болған.

Андроновтықтардың баспанасы - жертөле немесе жартылай жертөле.

Діні мен өнері: Қола дәуірінің адамдары табиғат күштеріне көбірек табынды.

1. Мәйіттің басын батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратып жерлеген.

2. Өлікті қабірге аяқ-қолын бүгіп жатқызған..

3. Өлген адамды өртеп, қабірге оның күлін ғана қою ғұрпы да болған.

Андроновтықтар үй салғанда құрбандық шалған. Ошақты қатты құрметтеген. Тасқа салынған суреттер: жабайы бұқа, бишілер, қоспақ түйе, екі аяқ арба, әскер шайқасы. Әшекейлер: сақина тәрізді сырға, алтын білезік т.б.

II ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР

§ 3. Сақтар

Сақтар б.з.д. I мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін мекендеген ежелгі тайпа. Ежелгі заманда Орта Азия өңірін мекендеген сақ тайпалары туралы тарихи деректер сол замандағы парсы және грек авторларының жазба деректерінде сақталған. Жалпы, сақ атауының мағынасы жайында әртүрлі пікір бар. Мысалы, “сақ” сөзінің мағынасын парсы жазбаларында *“Қүдіретті еркектер”* деп түсіндіреді, ал Иран жазбаларында *“Жүйрік атты турлар”* деп атайды. Ежелгі грек авторлары сақтарды *“Азиялық скифтер”* деп атаған.

Сақтар батыр, жауынгер, “дұшпанға - қатал, досқа - адал” болған. Сақтар тайпалық құрамы мен мекендері жағынан мынандай топтарға бөлінеді:

	Сақ топтарының аты	Мекендері
1	Теңіздің ар жағындағы сақтар (Парадария)	Қара теңіздің солтүстігі, Арал теңізінің маңы, Сырдария мен Әмударияның төменгі ағысы.
2	Шошақ бөрікті сақтар (Тиграхауда)	Сырдарияның орта ағысы, Тянь-Шянь, Жетісу өңірлері.
3	Хаома сусынын дайындайтын сақтар (Хаумаварга)	Мұрғаб аңғары

Сақтар туралы алғашқы жазба деректер Геродоттың еңбегінде кездеседі. Сондай-ақ сақтар туралы ежелгі ирандықтардың Авеста деген қасиетті кітабында құнды мәліметтер бар. Сақ қоғамы жауынгерлер, абыздар, қауым мүшелері болып үш топқа бөлінді.

Сақтардың Жетісудағы тамаша ескерткіштерінің бірі - Есік қорғаннан табылған *“Алтын киімді адам”*. Бұл қорған 1969-1970 жылдары қазылды.

Сақ ескерткіштері - Талас, Шу, Іле өзендерінің бойында, Қырғыз, Іле және Жоңғар Алатауының баурайында, Кеген мен Нарынқолдың таулы аймақтарында кездеседі. Ал, Арал өңірінде Шірік-Рабат, Бәбіш-Молда ескерткіштері табылған. Шірік-Рабат қаласы апасиактардың астанасы болған. Апасиактар дегеніміз ғалымдардың айтуынша, су жағасын мекендеген сақтар. Міне осы Шірік-Рабат қаласының орны қазіргі Қызылорда қаласынан Оңтүстік-батысқа қарай 300 шақырым жерде Қызылқұм шөлінде жатыр. Сақ тайпа одағының жоғарғы билеушісін патша деп атаған. Сақ тайпалары б.з.д. VI ғасырда парсылармен соғысқан. Ал, б.з.д. 490 ж. Марафон шайқасында сақтар енді парсылармен одақтасып, гректерге қарсы күресті. Б.з.д. IV ғасырда Александр Македонский сақтармен соғысты. Парсы патшасы I Дарий сақ тайпаларын өзіне бағындыру үшін әлденеше шапқыншылық соғыс жүргізген. Дарий б.з.д. 519—518 жылдары сақтарды өзіне бағындырған. Сақ массагеттердің Томирис деген әйел патшасы болған. Грек авторы Ктесий “Сақ әйелдері ержүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп ұрысқа араласады” деп баяндайды.

Шаруашылығы. Тарихи деректерге қарағанда, сақтар, мал шаруашылығымен айналысқан. Олар жылқы, сиыр, қой, түйе ұстаған. Сақтар өмірінде әсіресе жылқы өсіру маңызды орын алған. Батыс және Оңтүстік Қазақстанда түйе шаруашылығы дамыды. Сақтардың отырықшылығы және егіншілігі Сырдария алқабында кең тарады. Сақ қоғамында жайылымдарды және көшіп-қонатын қажетті жерлерді тайпа көсемі белгілеп беретін болған.

Діни наным-сенімдері. Сақтар діни наным-сенімдерді ерекше дәріптеген. Аң бейнелі бой тұмарлар кең тараған. Ал, қару-жараққа аң бейнесін салса, шайқаста рух береді деп сенген. Отырықшы сақтар Жерді киелі деп білді. Олардың түсінуінше, Жер-ана киелі күш иесі болып есептелді. Ал көшпелі сақтар болса күнге, отқа, соғыс құдайына табынды. Өлген адамның аруағына сиынды, ол қайта тіріледі деп есептеді.

Сақтар өлген адамды сәнді киім кигізіп жерлеген, өлікпен бірге қару-жарақ, тағы басқа заттарды қоса жерлеген. Кейде оның мінген аты да бірге көмілген. Сондай-ақ сақтар жын-періден ақтайтын киелі күш деп От пен Күнге табынған.

§ 4. Үйсіндер

Үйсіндер ежелден келе жатқан белгілі түркі тайпаларының бірі. Сондай-ақ, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалар қатарына жатады.

Жазба деректерде б.з.д. I ғасырда үйсін халқының саны 630 мың болған делінеді. Мұның өзі олардың іргелі ел болғанын дәлелдейді. Үйсіндердің жайлаулары мен қыстаулары Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында болған. Іле, Талас өзендері бойында егіншілік өркендеген. Мемлекеттің астанасы Қызыл Аңғар (Чигучен) қаласы. Ол қала қазіргі Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстік жағасында орын тепкен. Жетісудағы тиграхауд сақтардың орнын кейін үйсін тайпалары мекендеді. Үйсіндердің территориясы: батыста Шу, Талас өзендеріне, шығыста Тянь-Шань тауларының шығыс бөлігін, ал солтүстікте Балқаш көлінен бастап, Оңтүстікте Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына дейінгі өңірді қамтыды.

Үйсіндердің жоғарғы билеушісінің титулының атауы Гуньмо (Күнби) деп аталды. Үйсіндерде жерге, малға жеке меншік қалыптаса бастады. Мұның өзі мемлекеттің пайда бола бастауының белгілері еді. Әскербашылар мен басқа да билік басындағы адамдардың алтыннан, мыстан жасалған мөрлері болды. Олардан кішірек басшылардың да мөрі болған. Бірақ олардың көбі тастан, күйдірілген саз балшықтан жасалды.

Үйсіндер жайлы ежелгі тарихшы Сыма-Цянь мәлімет қалдырған. Үйсін тайпалары ежелгі түрік тілінде сөйлеген. Үйсіндер Қытаймен кең дипломатиялық қатынаста болды. Сондай-ақ, ұйғыр тайпаларымен, Орта Азияның ғұн, қаңлы тайпаларымен, Енисей қырғыздарымен қарым-қатынаста болған. Үйсіндердің көрші елдермен оның ішінде қаңлылармен, ғұндармен қатынасы көбіне бейбіт жағдайда өрбіді. Сыртқы қауіпсіздігін нығайту үшін үйсіндер ғұндармен бірнеше рет одақ құрған. Ал Хань империясы олардың күшейіп кетуінен қорқып, үнемі осы одақты бұзуға әрекет жасап отырған. Үйсіндер қыз алып, қыз беру арқылы кейбір көршілермен де татулық байланыс орнатқан. Көшпелі үйсіндердің тұрған үйі-киіз үй болатын. Үйсіндер қысты-гүні екі түрлі үйде тұрған: кірпіш үй, тас үй.

Шаруашылығы. Мал шаруашылығы үйсіндер өмірінде аса маңызды болған. Жетісу жеріндегі үйсіндер малдың негізгі түрінің бәрін: қой, жылқы, сиыр, қос өркешті түйе, ешкі өсірген. Әсіресе, жылқы шаруашылығы жақсы өркендеген.

Олар түйе өсіруге де көңіл бөлген. Сонымен қатар, үйсіндер бау-бақша мен қатар дәнді дақылдар да өсірген. Көбіне тары мен арпа еккені байқалады. Оны біз зираттардан табылған ыдыстардың түбіндегі дәндерден көреміз. Үйсіндерде біздің заманымыздың бас кезінде-ақ, егіншілік пен отырықшылық болған. Оларда үй кәсібі, қол өнер дамыған. Әсіресе, керамика ыдыстарын жасау кең өріс алған.

Салт-дәстүрі және діни-нанымы. Үйсіндердің салт-дәстүрі туралы ғылыми деректер жоқтың қасы. Тек қайтыс болған адамды жерлеу дәстүрі туралы біраз мәліметтер бар. Бұл мәліметтер археологиялық қазба деректер бойынша жинақталған. Ертедегі үйсіндер өлген адам тіріледі деп есептеген. Сондықтан да адамды жерлегенде оған о дүниеде керек болады-ау деген заттардың бәрін қоса көмген. Алдымен қайтыс болған адамды сәндеп киіндірген. Тірі кезінде пайдаланып жүрген заттарын жанына қоса қойған.

§ 5. Қаңлылар

Б.з.д. III ғасырда Қазақстанның оңтүстігінде қаңлы тайпалық одағы құрылды. Қаңлылар қазақ халқының қалыптасуына негіз болған көне түркі тайпаларына жатады. Өзінің ұзақ тарихында оның шекарасы кейде ұлғайып, кейде кішірейіп отырған. Бұған әр түрлі шапқыншылықтар мен соғыстар себеп болған.

Қаңлы тайпаларының атамекені Сырдария өзенінің орта ағысы мен Қаратау жотасы болған. Қаңлы елі күшейген тұстарда замандағы атакты мемлекеттер Қытай, Рим, Кушан онымен жан-жақты байланыс жасап тұрған. Қаңлылардың күшейіп гүлденген дәуірінде олар Ташкеннен Хорезмге дейінгі жерге иелік еткен. Қаңлы елін хан билеген. Оның үш орынбасары, уәзірлері болған. Елдің астанасы Битянь қаласы. Ол қазіргі Түркістан қаласының маңында болған. Ал, екінші бір деректерде елдің астанасы Отырар қаласы болғандығын көрсетеді.

Жазба деректерге карағанда, қаңлы елі бес бөлікке бөлінген. Әр бөлік өзінің орталық қаласының атымен аталған. Әр бөліктің кіші ханы болған. Олар Ұлы ханға бағынған. Елдің билігі мұрагерлік жолмен әкеден балаға өтіп отырған.

Ру басылары, бай адамдар, ақсақалдар кенесі, әскери көсемдер қарапайым халықты өздеріне мәжбүрлеп бағындырды. Мүлік теңсіздігі адамдардың бай, кедей болып бөлінуін туғызды. Қытай деректерінде қаңлы билеушісінің жазғы және қысқы сарайлары бір-бірінен 900 шақырым қашықтықта орналасқан деп айтылады.

Шаруашылығы. Қаңлылар табиғаты, климаттық, географиялық ерекшелігі әр түрлі өңірді мекендеген. Шаруашылықтың дамуы да, адамдардың кәсібі де сол табиғаттық-климаттық жағдайларға байланысты болды. Хорезмде, Арал өңірінде, Ташкент алқабында отырықшылық дамып, қоныстар мен қалалар қалыптаса бастады. Отырықшы қоныстар тұрғындары егіншілікпен айналысты. Олар тары, арпа, бидай өсірген. Шаруашылықтың маңызды бір саласы ол мал шаруашылығы болды.

Қаңлылардың қыстаулары, негізінен Сырдария бойында болған. Ал малдың жайылымы Орталық Қазақстан далаларына дейін жеткен.

Мәдениеті және діни-нанымы. Мәдениеттің қалыптасуына отырықшы тайпалар да көшпелі тайпалар да қатысты. Қаңлылардың ірі ескерткіштерінің бірі - Алтынасар қала жұрты. Ол 16 га жерді алып жатыр. Қалада тұрғын үйлер қатарластыра салынған. Сондай-ақ, қаңлылар арасында ән-күй, музыка, би сияқты көркем өнер салалары жақсы дамыған. Қаңлылардың діни-нанымы басқа да тайпалар сияқты табиғаттан тыс күшке сеніп, сол күштерге табынып, құрбандық беріп отырған, үй жануарларын да құрбандыққа шалған. Күнге, айға, жұлдыздарға да табынып, ата-баба аруағына сиынған.

§ 6. Ғұндар

Біздің заманымыздың басында Қазақстан аумағын мекен еткен тайпалардың ішіндегі ең жауынгері ғұндар болды. Ғұндар туралы мәліметтерді қытай деректерінен кездестіруге болады. Ғұндар Қазақстан жеріне Орталық Азиядан б.з.д. I ғасырдың

соңы мен б.з. I ғасырында келген. Дәл осы кезеңде Еуразияның ұлан-байтақ даласында, соның ішінде Қазақстан жерінде де, “Халықтардың ұлы қоныс аударуы” болды.

Бес ғасырға жуық уақыт бойы ғұндар кең далаға билік жүргізді. Деректерге қарағанда ғұндар 24 руға бөлінген. Әр руды ру ақсақалдары басқарған. Ғұндардың билеушісін “шаньой” деп атаған. Ғұн қоғамында “түменбасын” шаньойдің жақын туыстарынан қоятын болған. Ғұн әскерінің негізін атты әскер құраған. Ғұндарда әскери іс аса жоғары дамыған. Ғұн тайпалары ежелгі түрік тілінде сөйлеген. Ғұндар бірлестігінің негізін салушы Мөде болды.

Б.з.д. 55 жылы Ғұн мемлекеті оңтүстік және солтүстік ғұндар болып екіге бөлінді. Оңтүстіктегі ғұндар Хань империясына бағынды, ал солтүстіктегі ғұндар Моңғолияның солтүстік батысындағы Қырғызнұр көлінің маңына орналасты. Ғұндардың Қазақстан жеріне екінші рет қоныс аударуы шамамен біздің дәуіріміздің 93 жылы басталған.

Еуропа елдеріне жасалған жорықтар кезінде ғұндарды Еділ (Атилла) басқарды. Атиллаға дүние жүзінің мәдениет қайраткерлері өз шығармаларын арнаған, ал қазақ ғалымларының ішінен Атилла туралы алғаш рет ғылыми пікіра айтқан Ш. Уәлиханов болды. Ғұндардың аты тарихта әсіресе жаугершілік жорықтармен әйгілі болды.

Ғұндар батысқа қарай тез жылжып, тайпалардың біреуін күшпен бағындырса, екіншісін соғыссыз қосып алып отырады. Қазақстан жеріне олар: Сырдария, Арал теңізіне, Орталық және Батыс Қазақстан жеріне жетеді. Ал, б.з. IV ғасырында олар орыстың оңтүстік даласына, одан әрі Дунай өзеніне дейін барып, “ғұндар” деген атпен қазіргі Венгрия жеріне жетіп қоныстанады. Ғұндар Дунайға, одан Италияға өтіп, кейінірек Рим империясының құлауына себеп болады. Жалпы ғұндар - түркі халықтарының ежелгі бір тармағы. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев “Пайғамбар” деген өлеңінде өзін ғұндардың ұрпағымын деп есептеген.

Шаруашылығы және тұрмысы. Ғұндардың өмірінде мал шаруашылығының маңызы ерекше болды. Ғұндардың малының бәрі дерлік бүкіл жыл бойына жайылып бағылды. Олар отырықшылық пен егіншілікті де білді. XI ғасырда өмір сүрген Махмұд

Қашғари ғұндардың диканшылықпен айналысатын мәдениетті тайпа екендігін, өздері түркі тілінде сөйлегенімен, өзара түсінісетін басқа да тілдері болғанын айтады. Бұл деректерден ғұндардың отырықшылыққа көшкенін және түркілене бастағанын көреміз. Аң аулау да ғұндар өмірінде маңызды орын алды. Бейбіт күндері мал бағып, аң аулап күнелткен. Ғұндар киіз үйлерде тұрған. Жүннен жасалған текемет, кілемдерді төсеніш еткен. Сондай-ақ, ғұндар атты, ошақты қадір тұтқан.

§ 7. Сарматтар

Сарматтар туралы деректер өте аз. “Сармат” тайпасының аты көне дәуір авторларының еңбектерінде б.з.д. III ғасырдан бастап кездеседі. Бұдан сарматтар осы кезде ғана пайда болды деген түсінік тұмауы керек. Бұл кез сарматтардың күшейген, кемеліне келген, яғни тарих сахнасында кеңінен белгілі бола бастаған кезі еді. Сарматтар ғұндармен бірге Қазақстанның батыс өңірін мекендеген. Сондықтан сарматтардың тілі иран тілінен түркі тіліне ауысқан.

Сарматтардың құрамында роксоландар, аландар, аорстар, сирактар тағы басқа тайпалар болған. Сарматтарда елдің ішкі-сыртқы мәселелерін ру ақсақалдары мен тайпа көсемдері қауым мүшелерін қатыстыра отырып шешкен. Әскери демократия заманында ішкі, сыртқы мәселелерді әскербасылары, қолбасшылар шешетін болды. Олар қауым мүшелерімен ақылдасып, тек әскери жасақ қатарындағы адамдармен ғана санасты.

Сарматтар қоғамында әскери демократия ерлерге де, әйелдерге де бірдей қатысты болды. Сарматтарда әйелдердің қоғамдағы ролі мен орны басқа көшпелі тайпаларға қарағанда жоғары тұрды.

Сарматтардың мәдениеті мен шаруашылығы.

Сарматтардың ескерткіштері Батыс Қазақстан аймағында кездеседі. Олардың кейінгі кезеңдегі ескерткіштері қазіргі Украина жеріне дейін жеткен.

Батыс Қазақстан жеріндегі ескерткіштері Жайық, Елек, Жем, Сағыз өзендерінің бойына тақау орналасқан.

Тарих ғылымында ерте сармат ескерткіштерін савромат ескерткіштері деп атайды. Жалпы сармат ескерткіштері үш дәуір-

ге бөлінеді. Олар: ерте, орта және соңғы сармат дәуірі ескерткіштері.

Савроматтардың кейініректегі ұрпағы, олардың мәдениетін жалғастырушы тайпа - сарматтар. Кейбір зерттеушілер бұларды бір-бірінен бөлмей сарматтар деген бір-ақ атпен атау керек дейді. Бірақ олардың өмір сүрген уақытындағы айырмашылықтар, мәдениетіндегі кейбір өзгешеліктер оларды кейде бөліп, кейде савромат-сармат деп қосарлап атауға негіз болды. Жалпы, сармат обалары әр түрлі заттарға өте бай. Ерлердің де, әйелдердің де қабірлерінде қару-жарақ міндетті түрде қойылады. Сондай-ақ алтын, күміс заттар да қойылатын болған.

Ал шаруашылығы болса олар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Басты түліктері қой мен жылқы болды. Түйе мен сиыр аз болған, оларды негізінен күш көлік ретінде пайдаланған. Сарматтар жартылай көшпелі, тіпті отырықшылықпен айналысқан. Сарматтар өмірінде аңшылық қосымша роль атқарды. Сондай-ақ, олардың шаруашылығында темір, алтын, күміс, мыстан әртүрлі зергерлік тұрмыстық заттар жасау кең тараған.

III ТАРАУ. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

§ 8. Түрік қағанаты (552-603 жж.)

Біздің заманымыздың I мыңжылдығында Еуразия далаларындағы этникалық орта өзгере бастады. Дәл осы уақытта қазіргі түркі тілдес тайпалардың этникалық-саяси бірігуі қалыптасқан еді. Осы дәуірде түркілердің рухани мәдениеті де жаңа сатыға көтерілді. Түркі жазба мәдениеті мен сына жазуы, хатқа түскен түркі әдебиеті қалыптасты. Түркілерде алғашқы діни наным-сенімдер буддизм, христиан, манихей, ислам діндерінің ықпалымен, өзге де өркениет жетістіктерінің әсерімен пайда болған. Олар көшпелі және жартылай көшпелі өмір кеше отырып, біртіндеп қалалық және отырықшы тұрмысқа көшті. Отырықшылыққа көшкен тайпалар өзіне тән өркениеті түрлерін қалыптастырды, олардың сол кездегі әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар.

V-VI ғасырларда түркілер далалы аймақтарды мекендеді және оларды қытайлықтар “*жуэжандар*”, еуропалықтар “*аварлар*” деп атаған.

“Түркі” сөзі (қытайша “тукюе”) алғаш рет көшпелі халықтың атауы ретінде б.з. VI ғасырында пайда болды. Бізге түркілердің тарихы VII-VIII ғасырларда жазылған Орхон-Енисей жазбалары арқылы белгілі. Ол ескерткіштер-түркілер мекендеген Енисей өзенінің бойы мен қазіргі Монғолия жеріндегі Орхон өзенінің жағасынан табылған құлыптастағы жазулар. Сондықтан да оларды “Орхон-Енисей жазуы” деп атап кеткен. Ескерткіштер VII-VIII ғасырлардағы Түркі қағандығының тұсында Білге қаған (хан), Күлтегін (әскер басы), Тоныкөк (ақылшы, кеңесші) сияқты атақты адамдарға арнап тұрғызылған құлыптастағы жазулар. VI ғасырда Қазақстан жері сол кезде аса қуатты болған Түрік қағанатының қоластына қараған. Түрік қағанаты Орталық Азиядағы тайпалық одақтардан біріккен ежелгі мемлекет. “Түрік” атауы алғаш рет қытайдың 542 жылғы шежіресінде кездеседі. Ал түріктердің мемлекеттік дәрежеге көтерілуі 552 жылдан басталады. Бұл этно-саяси бірлестіктің негізін салушы Бумын қаған еді. 552 жылы түрік қолбасшысы Бумын

аварларға қарсы шықты. Ол 553 жылы дүние салды, ал оның ізбасары Мұқан қағанның билігі кезінде Түрік қағанаты Орталық Азияда саяси үстемдікке жетті. Қағанаттың негізгі құрамы түркі тілдес халықтар болды. Олардың басым көпшілігі “теле” тайпалары. Теле-көптеген түрік тілдес тайпалардың ортақ атауы. Қытай шежіресі бойынша “теле” сөзінен “түрік” сөзі шыққан. Сондықтанда **“теле”** мен **“түрік”** сөзі бір мағынаны білдіреді. Түрік қағанатының құрамында 30-дан аса теле тайпасы болған. Олардың ішінде қырғыз, оғыз, ұйғыр, дулу, үйсін тағы басқа да тайпалар болған. VI ғасырдың 70 жылдарында түрік қағанаты Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейін үстемдік етті.

VI ғасырдың екінші жартысында түрік қағанатының билігі Азияның біраз аймағын қамтыды. Осы кезеңде Түрік қағанаты Қытай, Иран, Византия сияқты ірі мемлекеттермен терезесі тең түсіп, күшті мемлекеттің біріне айналды.

Шаруашылығы. Қағанат халқы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Қыстаулары Іле, Шу, Талас, Ертіс, Сырдария өзендерінің бойында орналасқан. Өзен бойларындағы қыстауларда түрік тайпалары егіншілікпен айналысқан. Сондай-ақ, “Күлтегін” ескерткішінде қала туралы сөздер де кездеседі. Бұл түріктердің кейбір бөліктерінің отырықшылыққа көше бастағанын көрсетеді. Оған басты дәлел Жетісу және Оңтүстік Қазақстанда археологиялық зерттеу кезінде тұрақты үй-жайлардың табылуы.

Түріктердің көп тараған көлігі жылқы болды. Олардың баспанасы көші-қонға ыңғайлы киіз үй болды. Өйткені мұндай үй тез тігуге, тез жығуға қолайлы еді.

Ал, Түрік қағанатының ыдырау себебі - қаған әулетінің ішіндегі билік үшін талас-тартыс. Сондай-ақ, қағанаттағы халықтар не саяси, не экономикалық жағынан ұйыса алмады.

Осындай себептердің салдарынан қағанаттың ішінде 581 жылы соғыс басталады. Мұндай қайшылықты өз пайдасына шешуге тырысқан көрші мемлекеттер шабуылдарын күшейте түсті. Ал, түрік қағанаты оларға қарсы тұрудың орнына жеке ұлыстарға бөлініп кетті. Ақыры 603 жылы Батыс және Шығыс Түрік қағанаты болып екі жарылды.

§ 9. Батыс түрік қағанаты (603-704 жж.)

Түрік қағанатындағы әлеуметтік қарама-қайшылықтардың ушығуы, өзара қырқыстар, Қытайдың қағанатқа қарсы шабуылдары 603 жылы түрік қағанатын Шығыс және Батыс түрік деген екі дербес бөлікке бөлуіне душар етті. Батыс түрік қағандығы он тайпаның (он оқ бұдун) бірігуі нәтижесінде пайда болды. Батыс түрік қағандығына Жоңғария мен Орта Азияны жалғастырып жатқан жерлер және Шығыс Түркістанның едәуір бөлігі кірді. Ал, Шығыс түрік қағандығы Монғолияны иеленді. Батыс қағанаттың орталығы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласы болатын. Жазғы ордасы қазіргі Жамбыл облысының жеріндегі Мыңбұлақта орналасты.

Алғашқы кезде қағандықты Тардуш қаған басқарған. Бұл Батыс түрік қағанатының билігі күшейген кезі еді. Шығыс Түрік қағанаты керісінше, саяси басқару жағынан әлсіреп, қытайлардың шабуылына ұшырап отырды.

Батыс түрік қағанатының саяси билігінің күшейген кезі Шеғу (610-618 жж.) мен Тон (618-630 жж.) қағандардың билік құрған кездері болды. Шеғу қаған шығыстағы шекарасын Алтайға, ал батыстағы шекарасын Памир тауына дейін жеткізді. Ал, Тон қаған батыстағы елдерді жаулап алуды ойлады. Қаған салық жинауға жергілікті адамдарды бекітіп, оларға “*селиф*” деген атақ берді.

Қағанның билігі шексіз мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Қағанатта жоғарғы лауазымдарға ябғу, шад, елтебер сияқты атақтар берілді. Ал сот істерін бұрықтар мен тархандар атқарған. Сондай-ақ, қағанаттағы қарапайым халықты “қара бұдундар” деп атаған. Бұл сөз қазақтың “қалың бұқара”, “қара халық” деген сөздерімен мағыналас.

Түріктер көрші тайпалар мен халықтарға қарсы шапқыншылық жасап, құл айдап әкелетін болған. Қағанат ішіндегі он алты жылға созылған тайпа аралық соғыстар (640-657 жж.) Жетісуға Таң империясы әскерінің баса көктеп кіруіне әкеліп соқты. 704 жылы Батыс түрік қағандығы құлағанымен, осы қағанатқа кіретін “он оқ” халқының ішінен түргеш деген тайпа өз алдына дербес қағандық құрып, тарих сахнасына шықты.

Шаруашылығы. Батыс түрік қағанаты шаруашылығының негізін жартылай мал шаруашылығы құрады. Малы жоқ немесе малы аз кедей шаруалар егіншілікпен айналысқан. Қағанаттың едәуір бөлігі отырықшылыққа көшіп, қолөнермен шұғылданған. Шығыс Түрік қағандығымен салыстырғанда оның әлеуметтік құрылымы да едәуір күрделі болды, яғни феодалдық мемлекет дәрежесіне көтерілді. Тек Шу алқабының өзінде VI-VII ғасырлар қарсаңында 18-ге жуық қала мен ірі қоныс болған. Олардың негізгі тұрғындары соғдылар, түркілер және сириялықтар еді.

Осы қалаларды алғаш суреттеп жазғандардың бірі қытайлық саяхаткер тарихшысы Сюань Цзан. Ұлы Жібек жолы Батыс түрік қағанаты арқылы өткендіктен, бұл өңірде сауда мен қолөнер біршама тәуір дамыды.

Ескертетін жайт: өзгелерге қарағанда қағандық өмірінде соғдылардың рөлі жоғары дәрежеде болды, бүкіл экономикалық және ақша қатынастары солардың тікелей қатынасуымен жүрді.

§ 10. Түргеш қағанаты (704-756 жж.)

Қағанаттың жері Орта Азияның оңтүстік-шығысында Шаш (Ташкент) қаласынан бастап Шығыс Түркістандағы Бесбалық, Тұрфан қалаларына дейінгі аралықты қамтыды. Үшелік қаған өзінің иелігіндегі тайпаларын екі ордаға бөлген. Қағанаттың үлкен ордасы Суяб қаласында, кіші ордасы Іле бойындағы Күнгіт қаласында болды.

Түргештер туралы алғашқы деректер “Күлтегін” ескерткішінде және қытай жазба деректерінде кездеседі. Түргеш тайпалары VI ғасырда Шу, Іле, Талас өзендерінің аймағын мекендеді. Ал, Жетісудағы керуен жолдарының көбі солардың бақылауында болды.

Саяси билік қаған қолында болды. Қағанат 20 әкімшілік аймаққа бөлінді. Қағанатта Үшелік қайтыс болғаннан кейін оның мұрагері болып баласы Сақал қаған (706-711 жж.) таққа отырады. 706 жылы билік үшін сары түргеш және қара түргеш тайпаларының арасында талас-тартыс басталады. Екі тайпаның арасындағы тартыста қара түргештер жеңіске жетіп, Сұлу қаған орданы Талас (Тараз) қаласына көшірді. Сұлу қағанның (715-738 жж.) тұсында түргештер қайта күшейеді. Сұлу қағанның

шайқастарға тікелей өзі қатысатынына әрі ылғи да жеңіске жетуіне қарсы арабтар оған “мүйізді қаған”, “сүзеген” деп ат қойған. Сондықтан арабтар Сұлу қағанмен ашық майданда соғысудан сескенген. 754 жылы қағанатта талас-тартыс шиеленісіп, Түргеш қағандығы біржола әлсіреді. 756 жылы Түргеш қағандығын қарлұқ тайпасының көсемдері құлатып, билікті өз қолдарына алды.

Түргештер көшпелі мал шаруашылығымен, жартылай отырықшы егін салумен және сауда, қолөнермен айналысты. Түргеш қағандығының кезінде сауданың дамығандығы байқалады. Оған басты себеп-қағанат жерінің Жібек жолы бойында орналасуы еді. Екіншіден, сауда ісінің қайнаған орталығы Суяб, Баласағұн, Тараз, Испиджаб сияқты қалалар да әсер етті. Қазба жұмысы кезінде Тараз қаласынан “Түргеш қағанатының теңгесі” немесе “түріктің көк ханының теңгесі” деген соғды жазуымен жазылған теңгелер табылған. Бұл теңгелер 704-766 жылдар арасында Таразда соғылған.

Қағандықтың халықаралық саудаға араласуы экономикалық және мәдени дамудың дұрыс бағыт алғандығын көрсетеді.

§ 11. Қарлұқ қағанаты (756—940 жж.)

Қарлұқтар жазба деректерде біздің заманымыздың V ғасырында тирек тайпаларының құрамында кездеседі. Қарлұқтардың түріктермен түбі бір екендігі туралы араб-парсы деректерінде мәліметтер кездеседі. Онда қарлұқтарды “ежелгі түріктер” деп жазады. Араб тарихшысы Әл-Мавразидің айтуынша, қарлұқтардың құрамына тоғыз тайпа: үш жікіл, үш бескіл, бұлақ, көкерсін және тухси деген тайпалар кірген.

Қарлұқтардың негізгі топтасқан жері Алтай тауымен Балқаш көлінің арасы. Қарлұқтар түргеш қағанатының әлсірегенін пайдаланып, 756 жылы билікті өз қолдарына алып, Қарлұқ мемлекетін құрды. Қағанаттың орталығы Суяб қаласы болды. Қарлұқ тайпалары 766-775 жылдары Қашқарияны жаулап алып шығыстағы шекарасын кеңейтті.

Қарлұқтар біздің заманымыздың II ғасырда грек ғалымы Птоломейдің атақты “Географиясы” атты еңбегі арқылы белгілі болған. Орхон жазуларында қарлұқтардың ортақ басшысы “

“Елтебер” деген атпен белгілі. Қытай деректері қарлұқтардың салт-дәстүрлері батыс түркілерінікі сияқты, тілінің олардан айырмасы жоқ деп көрсетеді.

Қарлұқ қағанатында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы өркендеді. Онда мәдениет орталығы болды, бау-бақша, қалалар гүлденді. Қол өнер кәсібі дамыды.

Араб жағрафияшысы Ибн Хаукалдің (X ғ.) мәліметіне қарағанда, қарлұқтар жерінің Батысынан шығысына дейін жету үшін 30 күн жүру керек екен. Көшпелі тайпалардың билеуші ақсүйек топтарының қолында жайылымдар мен құнарлы жер ғана емес, қала орталықтары да болатын.

“Худуд әл-алам” бойынша қарлұқтар елінде 25 қала мен қыстақ болған олардың ішінде: Тараз, Құлан, Мерке, Талғар, Аtpақ, Тұзын, Барысхан, Сыйкөл т.б. Қарлұқтардың астанасы және олардың көптеген қалалары Ұлы Жібек жолы бойында тұрған, ал бұл жолдың Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісу үшін елшілік және сауда-саттық желісі ғана емес, сол сияқты мәдени және рухани байланыстар арнасы ретінде де орасан зор маңызы болған.

Дегенмен, қағанат өз қолына экономикалық байланыс жүйесін тоғыстыра алмаған. Ішкі қырқыс, билік дауы, жер дауы оны әбден титықтатқан.

Міне осындай қиын жағдайда Қарлұқ қағанатына Қашқар жағынан қауіп төнді. 940 жылы олар Баласағұнды басып алады да, Қарлұқ мемлекеті құлайды.

§ 12. Оғыз мемлекеті (IX ғ. соңы - XI ғ. басы)

Оғыз мемлекеті IX ғасырдың аяғы - X ғасырдың басында Сырдария өзенінің күйілысында құрылды. Орталығы- Янгикент қаласы болды. Оғыз тайпалары VII ғасырда Батыс Жетісуды мекендеген Түрік қағанатының құрамында болған. Оғыздар ерте орта ғасырларда Орталық және Орта Азияда өмір сүрген.

Батыс түрік және Түргеш қағанаттары құлап, Жетісуда Қарлұқ қағанаты құрылғаннан кейін оғыздар Сыр бойына ығысқан.

“Оғыз” сөзінің пайда болуы туралы әр түрлі пікір бар. Кейбірулер “садақтың оғы” деген сөзден пайда болған десе, екінші бірулер “өгіз” деген сөзден пайда болды деп дәлелдеуде.

Оғыздарда жоғарғы билік иесі “жабғу” деп аталған. Ол мұрагерлік арқылы жалғасып отырды. Әскерді басқаратын адам “сюбашы” деп аталған. Оғызда жылына бір рет халық жиналысы шақырылып тұрған. “Оғызнама” дерегіне қарағанда, жабғу өзінің жерін 12 аймаққа бөліп басқарған. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың басында Оғыз мемлекетінде тұрақты салық жүйесі енгізілді. Мемлекетте белгілі дәрежеде басқару аппараты қалыптасты. Оғыз жабғуларының орынбасарларын Күл-еркін деп атаған. Оғыз мемлекеті жөніндегі алғашқы деректер IX-X ғ. басында жазылған араб тіліндегі тарихи-жағрафиялық шығармаларда келтіріледі. Оғыз мемлекетінің болғанын Әл-Якубиде (IX ғ.) айтады. Махмұд Қашқаридің дерегі бойынша, оғыздар алғаш 24 тайпадан тұрған, Әл-Марвази болса олардың 12 тайпасын ғана атайды. Бұдан байқалатыны - оғыздардың 24 тайпадан тұрған кезі олардың әр түрлі тайпалардан енді- енді қалыптаса бастаған кезі ал, 12 тайпаға түскен кезі ол тайпалардың бір-біріне қосылып, халықтық дәрежеге көтеріле бастаған мезгілі. Оғыз билеушілері сыртқы саясат саласында екі үлкен мақсатты қойған. Біріншіден, Қара теңіз, Дон өзенінің бойындағы жақсы жайылымды қолға қарату. Екіншіден, Маңғыстау мен Еділ бойынан әрі өтіп, Еуропаны Азиямен байланыстыратын аса маңызды сауда жолдарына қол жеткізу. Орыс қалаларымен екі арадағы сауда жолдарыда қызықтырды.

Оғыздардың жер үшін, сауда жолдары үшін жүргізген жорықтары көп жағдайда сәтті аяқталған. Оғыздар жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал шаруашылығымен айналысты. Оғыздардың көші-қонға лайықты, арба үстіне тігілген үйлері болған. Оғыздарда кәсіпшілік пен қолөнердің басты дамыған түрі мал өнімін өңдеу болды.

Ұзақ жылдарға созылған үздіксіз соғыс пен шектен тыс алынатын алым-салық оғыз тайпаларының наразылығын туғызады. Билік үшін талас Оғыз мемлекетін әлсіретті. Ал, XI ғасырда мемлекеттілігін құрып, күшейе бастаған қыпшақтар оғыздарды Сырдария, Арал бойынан біржола ығыстырады. XI ғасырдың басында Оғыз мемлекеті біржола құлайды. Оғыздар тарихи тұрғыда түрікмендердің, өзбектердің, қарақалпақтардың түпкі аталарының бірі.

§ 13. Қимақ қағанаты (IX ғ. соңы - XI ғ. басы)

“Қимақ” деген атау орта ғасырлардағы араб, парсы авторларының жазба деректерінде жиі кездесіп отырды. XI ғасырда Махмуд Қашқари “Диуани лұғат-ат түрік” деген еңбегінде қимақ елін “имақ” деп атаған. Қимақтар VII ғасырдың басында Монғолияның солтүстік-батысын мекендеген. Орта ғасырдағы парсы тарихшысы Гардизи қимақ елінің құрамында жеті тайпа болғандығын жазған. Олардың ішіндегі ең атақтылары қимақтар мен қыпшақтар дейді. VIII ғасырдың екінші жартысынан XI ғасырдың басына дейін қимақтар Қазақстан жеріне қоныстана бастаған.

Сонымен IX ғасырдың соңында қимақ тайпасының атымен Қимақ қағанаты құрылған. Қағанат Қазақстанның солтүстік-шығыс, орталық аймақтарын алып жатты. Қағанаттың орталығы Ертіс өзенінің бойында Имақия қаласы болды. Қимақ тайпаларының басшысы “Шад-түтүк” деп аталған. Шонжарларға “ұлы қаған”, “кіші қаған” немесе “Ябғу шад” деген лауазымдар берілген. Қағанаттың қарапайым халқы негізінен мал өсірумен айналысқан. Махмуд Қашқаридің жазуына қарағанда қимақ қағанатында малы аз, көшіп-қонуға мүмкіндіктері жоқтарды “жа-тақтар” деп атаған.

Қимақ мемлекетінде билік мұрагерлікпен атадан балаға ауысып отырады. Қаған мемлекеттің жоғарғы билеушісі әрі әскери қолбасшысы болып есептеледі. Қимақ елінің ұйтқысы 12 тайпадан құралады. Қимақтар арасында қолөнер дамыды. Жүннен мата тоқып, киім тікті, тері иледі. Темірден, қоладан қару-жарақ жасады. Қимақтарда қала мәдениеті мен сауда-саттық істері өрістеді. Араб географы Әл-Идриси қимақ елінің картасын сызған. Олардың 16 қаласы, ол қалаларда сауда базарлары болғанын айтады. Қимақ тайпасы да басқа түрік тілдес тайпалар сияқты о дүниедегі өмірге сеніп, ата-баба аруағына сиынған. Оларда көкке (аспанға), Тәңірге табыну белгілері де сақталған. X ғасырда қимақ шонжарлары ислам дінін қабылдай бастаған. Кейбір жеке топтар отқа, суға, күн мен жұлдыздарға, тауға табынған. Діннің біршама тараған түрі шаманизм яғни бақсы-балгерлік екен, кейбір топтары Христиан тектес Манихейлік дінді ұстаған. Сөйтіп, IX-XI ғасырларда Қимақ мемлекеті

өзіндік өсіп-өркендеу жолы бар, алғашқы патриархалдық-феодалдық мемлекет болған.

XI ғасырдың аяғында Қимақ мемлекеті ыдырап, үкімет билігі бұрын қимақтарға тәуелді болған Қыпшақ тайпасының қолына көшті. Бұдан былай қимақтар қыпшақ тайпаларының құрамына еніп, қыпшақ деп аталып кетті.

X ғасырдың аяғы немесе XI ғасырдың басындағы Қимақ мемлекетінің құлауы Ұлы далаға көшпелі тайпалардың жаппай қоныс аударуымен тығыз байланысты.

§ 14. Қыпшақтар

Қыпшақ этнонимі алғаш рет VII ғасырда кездеседі. Қыпшақтар Шығыс Қазақстан өңірін, Ертістің жағасын және Алтай тауларын мекендеген.

VIII ғасырда Қимақ қағанатына тәуелді болған қыпшақтар XI ғасырда қимақтардың барлық жерлеріне иелік етеді. Өйткені XI ғасырда қимақ қағанаты құлайды. Қыпшақтар Каспийден Сырдарияға дейінгі жерлерді басып алады. XI-XII ғасырларда Орта Азиядағы түркі тілдес тайпалардың ішінде халқы көбі осы қыпшақтар болды. Оғыздарды Сыр, Арал, Каспий бойынан қыпшақтар ығыстырды. XI ғасырдың екінші ширегінен бастап жазба деректерде “Оғыздар даласы” Дешті Қыпшақ деп атала бастады. Ал, орыс жылнамаларында қыпшақтарды “половцтер” деп атаған. Сондай-ақ, қыпшақ мемлекеті араб деректерінде “Дешті Қыпшақ қағанаты” деп аталынды. Хандықта билік әкеден балаға мұрагерлікпен беріліп отырды. Хандық биліктің орталығы “Орда” деп аталды. Әскери басқару жүйесі оң және сол қанат болып бөлінді. Оң қанаттың орталығы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы. Сол қанаттың орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы еді. Жалпы, қыпшақ бірлестігіне түрік тілдес қимақ, оғыз, құман, ежелгі башқұрт тайпалары да енген. XII ғамсырдан бастап Арал маңына билік жүргізген кезде құрамында қаңлылар, қарлұқтар мен жікілдер де болған.

XI ғ. қыпшақтар Русь, Византия, Венгрия халықтарымен жан-жақты алыс-беріс жасай бастады. Қыпшақ хандары “Ел бөрілі” тайпасынан ғана сайланды. Шыңғыс ханның Отырарды ойрандауынан кейін де қыпшақтар тарихтағы өз орнын жоғалт-

қан жоқ. Қыпшақ хандығы құлағанымен, оның халқы мүлде жойылып кеткен жоқ. Олар өздерінің тарихи дамуын жалғастыра берді кейін қазақ халқының этникалық құрамының негізгі бір таянышыны айналды.

Шаруашылығы. Қыпшақтар негізінен мал шаруашылығымен және ішінара егіншілікпен де айналысқан. Оларда тұрмыстық кәсіп, қолөнер де жақсы дамыған. Сонымен қатар қыпшақтарда ағаш шеберлері, темір ұсталары қалыптасып, зергерлік те жақсы дамыған.

§ 15. Қарахан мемлекеті (942-1212 жж.)

X ғасырдың орта шенінде Жетісу мен Шығыс Түркістан аймағында Қарахан мемлекеті құрылды. Орталығы Баласағұн қаласы болды. Қарахан әулетінің негізін салушы-Сатұқ Боғрахан. Боғрахан елді түрік кезеңінде басқарды. Қарахандар әулеті Яғма тайпасының өкілдерінен болды. Қарахан мемлекетінің этникалық құрамына жікіл, яғма, қарлұқ, оғыз, қаңлы, үйсін, сияқты түрік тілдес тайпалар кірген. Қарахан мемлекетінің құрылуын тездеткен жағдайлардың бірі - қарлұқ қағанатының ыдырауы болатын.

Қарахан мемлекетінде жер иеленуді “Иқта”, ал иеленушілерді “иктадар” (парсы сөзі) деп атаған. Арабша жерді иеленушілерді “мукта” деп атаған. XI ғасырдың 30-жылдарында Қарахандықтар мемлекеті шығыс және батыс бөліктерге бөлінді. Батыс бөлікке-Мауреннахр, Ходжент жерлері кірді. Астанасы Бұхара қаласы болды. (кейін Самарқантқа ауысты). Шығыс бөлікке Жетісу, Шығыс Түркістан жерлері, Тараз, Испиджаб, Шаш қалалары кірді. Орталығы Баласағұн, кейіннен Қашғар қаласы болды. Қарахандықтар мемлекетіндегі билеушілер өз аттарынан тенге шығара алды. XI-XII ғғ. Қарахандықтар мемлекеті өзіне Мәуреннахр мен Жетісу жерлерін қосып алды. Екі қағанатқа бөліну кезеңі жарты ғасырға жуық созылды.

Ал, 960 жылы Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады. Қарахандықтардың сәулет өнері ескерткіштерінің бірі - Қарахан кесенесі. Қарахан мемлекеті алғашқы кезде түрік қағанатының дәстүрлерін жалғастырғанымен, оны экономикалық және әлеуметтік тұрғыда қайталауды жөн көр-

меді. Бұл мемлекет Орта және Алдыңғы Азияның түрік империясында жедел әрі толық дами бастады. 1141 жылы Қарахан мемлекетінің екі хандығының да билігі қарақытайлар қолына көшті. Қарахандар мемлекеті шын мәнінде тарих сахынасынан кетті.

Шаруашылығы. Қарахандар кезеңінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік өңірлеріндегі халықтар негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығында жылқы өсіру алдыңғы орында болды. IX—X ғасырларда Қарахандықтардың бір бөлігі отырықшылыққа және егін шаруашылығына бет бұрды, сөйтіп қала мәдениетіне көшті. Ал, діни қызметкерлер мен әскери адамдар ірі жер иеліктерін өз қолдарына шоғырландырған.

Мәдениеті. Қарахан мәдениетінің ірі орталықтары-Тараз, Испиджаб қалалары болған. Ортағасырлық жазушылар Таразды “Саудагерлер қаласы”, Испиджабты “Саудагерлер кен бұлағы” деп жырлаған. Қарахан мемлекетінде сәулет өнері әсіресе X-XII ғасырларда шарықтады. Айша бибі, Алаша хан, Бабаша хатун, Сырлытам күмбездері, Әулие ата мазарлары қарахандықтар сәулет өнерінің туындылары. Қарахан дәуірінде ұлы ғұламалар Махмұд Қашғари “Диуани лұғат ат-түрік”, Жүсіп Баласағұн “Құтты білік” атты еңбектерін жазған, өзге де атақты адамдар өмір сүрген.

§ 16. Қарақытай мемлекеті (1128-1213 жж.)

Қарақытайлар мемлекетінің құрылуы Орталық Азиядағы қидан тайпасымен тығыз байланысты. IV ғасырдың жазба деректерінде қидандар монғол тілдес тайпа ретінде көрсетіледі. Қарақытай билеушісі Елұй Дашы Жетісуда өз мемлекетін 1128 жылы құрды. Бұл мемлекет 1128-1213 жылдары өмір сүрді. Жетісудағы жергілікті түркі тілдес халықтармен араласып кеткен қидандар “қарақытай” деп атала бастады. Ал, 1141 жылы Қарахан мемлекетінің екі хандығының да билігі қарақытайлар қолына көшті.

Сөйтіп XII ғасырдың 30-40 жылдары қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағы, Бұхара мен Самарқанд, сондай-ақ Мауараннахр аймағы қарақытайлардың қол астына қарады. Бұл

мемлекеттік бірлестіктің шекарасы тұрақсыз болды саяси ахуалдарға байланысты өзгеріп отырды. Қарақытай мемлекетінде ақшаның “динар” деген түрі тарады.

Қидандардың ел басшысы “гурхан” титулын иеленді, ол “хандардың ханы” дегенді білдіреді. Гурхан әскерде қатаң тәртіп орнатып, тұрғындарды тонауға тиым салды, тұрақты салықтарды бекітті. Гурхан өзінің ордасын Баласағұн түбіндегі Күз-Ордада құрды. Елюй Даши 1143 жылы қайтыс болды, енді билік гурханның жесірі Табуянға ауысты, ал 1150 жылы оның ұлы Елюй Иле гурхан тағын иеленді.

Оның кезінде алғашқы рет халық санағы жүргізілді, 84 мың отбасы тіркелді, сірә бұл Сырдария мен Еміл арасын қоныстанған тұрғындар болуы керек. Иленің өлімінен кейін 1163 жылы елді Елюй Дашидың қарындасы Бусуган басқарды. Ал, 1169 жылдан 1203 немесе 1214 жылға дейін билеуші болған ең соңғы гурхан Чжилугу (Чжулху) кезінде бұл аумақта іргелі өзгерістер жасалды.

Орталықтан басқаруды жергілікті жерге беру айналып келгенде қарақытай әскербасыларының шын мәнінде автономиялық, яғни дербес билеушілер болуына әкеп соқты. Ал, 1212 жылы монғолдардан ығысқан наймандар Күшілік ханның басқаруымен осы аумаққа қарай лап қойды.

Осылайша, XIII ғасырдың басында наймандар қарақытайларды Жетісу өңірінен ығыстырды. Ал, 1211 жылы Күшілік хан қарақытай билеушісін құлатты. 1211-1213 жылдары Жетісудағы билік найман билеушісі Күшілік ханның қолына өтті.

§ 17. Найман мен Керей ұлыстары

Наймандар-ежелгі түрік тайпаларының бірі. Наймандар Ертіс өзенімен Орталық Монғолия арасындағы жерлерді мекендеген. Монғол тілінде найман сөзі “сегіз” деген мағынаны білдіреді. Наймандар керей, меркіт, қырғыздармен көрші болған. XI ғасырдың бас кезінде наймандар христиан дінін қабылдады. Мұның өзі наймандардың ертефеодалдық кезеңде басқа мемлекеттермен және халықтармен этно-мәдени байланыста болғанын дәлелдейді. Қидандар мемлекеті құрылғаннан кейін наймандар оның құрамына кірген, бірақ Елюй Даши өлімінен кейін тәуел-

сіздік алып, өздерінің билеушісі етіп Инанч-Білге Буху ханды тағайындады.

Найман мемлекеті батысында керейлерден бастап, Батыс Монғолия мен Шығыс Қазақстан аумағын мекендеді. XII ғасырдың аяғында XIII ғасырдың басында найман хандығы екіге бөлінді, оны Инанчтың екі ұлы: Даян хан мен Бұйрық хан басқарды. 1204 жылы монғолдар Даян ханды, 1206 жылы Бұйрық ханды талқандады. Кейін елді Даянның ұлы Күшлік хан басқарды. Күшліктің қуаты тез күшейді. Ал, наймандардың Қазақстанның жеріне қоныстануы XII ғасырдың аяғында болатын. Найман конфедерациясына сегіз тайпа кірді. 1208 жылы Монғолиядан ығыстырылған наймандар Жетісуға ауып келді. Ал, XIII ғасырдың басында наймандар қарақытайларды Жетісу өңірінен ығыстырды.

1218 жылы монғолдар наймандарды талқандап, қашып кеткен Күшлікті Бадахшанда өлтірді. Шығыс Түркістан мен Жетісу монғолдардың қол астына өтті. Ал, керейлердің шығу тегі туралы ғалымдар әр түрлі пікір ұстанады. Біреулері монғол типтес десе, енді біреулері ежелгі түрік тайпасы дейді. Керейлер туралы алғашқы мәліметтер олардың христиан дінін қабылдауына орай XI ғасырдың төртінші ширегінде кездеседі. Керейлер Солтүстік Монғолиядағы Селенга, Онон өзендерінің жағасын мекен еткен. Астанасы Орхон өзенінің жағасындағы Қатынбалық қаласы болған. Керейлердің билеушісі Тұғырылхан Шығыс ханның әкесі Есукей батырдың досы болған. Шыңғысханның әскерінен жеңілген керейлер Шығыс Қазақстан, Алтай өңіріне өтеді. Кейіннен Алтын Орда мен Ақ Орданың құрамындағы тайпалардың бірі болады. Керейлер Ашамайлы және Абақ керей деп екі тармаққа бөлінді. Керейлердің этнонимі Қара теңіз жағалауындағы далалық жер атауларында кездеседі. Керейлердің екінші бір бөлігі Солтүстік Қазақстанда қалып, Орта жүз қазақтарына (қара-керей, абақ-керей) атауымен енді, сөйтіп бұрынғы “керейт” деген этноним атауындағы “т” жалғауы алынып қалды. Бұл кезде Орта Азия, Жетісу және Қашқария жерінде өзіндік жаңа этникалық түрге айналып, жанарған әлеуметтік, экономикалық құрылымдар, рухани мәдениет қалыптасты. Соның нәтижесінде феодалдық мемлекет құрылып, түрік тайпалары отырықшылыққа көше бастады, қалалар салынды. Өкініш-

ке қарай монғол шапқыншылығы осындай жүйелі дамудың табиғи процесін бұзып кетті. Керейлер салық жинаушыларды “шерби” деп атады. Керей орта жүздің бас тайпаларының бірі. Қазіргі кезде керейлер Қазақстаннан басқа ТМД, Қытай, Монғолия, Түркия сияқты мемлекеттерде өмір сүруде.

Шаруашылығы: Наймандар мен керейлердің шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болды. Төрт түлік малдың барлығы өсірілді. Олар аң аулауды және балық аулауды кәсіп еткен. Сонымен қатар, қолөнершілері ат әбзелдерін, арба, қару-жарақ жасай білген.

§ 18. VI-XII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті

Ерте орта ғасырларда Қазақстан жерін мекендеген халықтар-негізінен түркі тілдес халықтар. Түркі тілдес халықтармен қатар Қазақстан жерінде басқа тілдік топтар да өмір сүрді. Сонымен қатар Қазақстан жерінде Иран (соғды) тілдес, Сирия тілдес, Араб тілдес халықтар тобы өмір сүрді. VI ғасырлардан бастап түркі тілдес тайпалардың өз жазулары болды. Бұл жазу ғалымдардың пікірінше соғды жазуына ұқсас. Көне түрік жазуларының ескерткіштері Монғолия жерінен табылды.

VI-X ғасырларда Қазақстанда соғды жазуы мен тілі кең қолданылған. Бұл жазу Тараз, Баласағұн, Испиджаб қалаларында кең тараған. Оңтүстік Сібір, Алтай-Саян, Қазақстан жерлерін ежелгі түрік тайпалары мекендеген. Олар түрік тілінде сөйлеп, көне түрік жазуымен жазған. Көне түрік әліппіі 35 әріптен тұрған. Түріктердің әліппіі өздерінің ру-тайпаларының таңбалары негізінде жасалған. Көне түріктердің негізгі жазуы “руна” жазуы деп аталған. Ал аса бағалы тарихи ескерткіш болып саналатын руна жазуы бар құлпытасты XIX ғасырда Солтүстік Монғолиядағы Орхон өзенінің маңынан Н. М. Ядринцев тапқан. Құлпытастағы жазуды түркітанушы В. В. Радлов пен дат ғалымы В. Томсон ажыратқан.

Бұл жазу “Орхон-Енисей тас жазуы” деп аталады. Түрік жазба әдебиетінің көне ескерткіштері “Күлтегін” және “Тоныкөк” жазулары. Бұлар нағыз тарихи дастандар. Мұнда түрік қағанатының құрылуы мен дәуірлеуі, ақырында күйреуі жайында айтылады. Дастандардағы тарихи суреттер әдеби-көркемдік тәсілдермен өрнектелген.

VIII-IX ғасырларға жататын әдеби шығармалар “Қорқыт ата” кітабы мен “Оғызнама” дастаны. Бұл шығармалар алғаш VIII ғасырда ауызша айтылып, ел ішінде кең таралса, тек XI ғасырдан бастап қағазға түсе бастаған. “Қорқыт ата” кітабы 12 жылдың қосындысынан тұрады. Бұл шығарма аты аңызға айналған атақты ақын, қобызшы Қорқытқа байланысты. Қорқыт есімі түрік тілдес халықтар арасында кеңінен мәлім. Қорқыт күмбезі Қызылорда облысы Қармақшы ауданында тұрғызылған.

Ал, “Оғызнама” біздің дәуіріміздің II ғасырындағы тарихи оқиғаларға байланысты туған. Бұл әдеби шығарма VI ғасырда парсы тіліне, IX ғасырда араб тіліне аударылған. “Оғызнаманың” ескі нұсқасын XIII ғасырда бірінші жазып қалдырған тарихшы Рашид ад-Дин. Одан кейін XVII ғасырда толық жазған - Әбілғазы хан. Шығарманың идеясы ерлікті, бірлікті уағыздайды. Мазмұны қазақ халқының эпос жырларымен сарындас келеді. Стилi жағынан қазақ ауыз әдебиетiмен ұштасып жатады. Сонымен ерте орта ғасырда түрік тіліндегі ауыз әдебиетінің әртүрлі жанларының (мақал-мәтел, жоқтау, тағы басқалар) дамуына байланысты әдеби тіл мен жазба әдебиеттің дамығандығын көруге болады.

X ғасырдан бері қарай Оңтүстік Қазақстанда ислам діні кең дами бастады. Сайрам, Отырар, Түркістан тағы басқа қалаларда діни медреселер салынып, ғылым-білімге кең жол ашылады. Әдеби және ғылыми шығармалар араб тілінде жазылды. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) Отырар қаласында туған. Осы қалада қыпшақ тілінде білім алған. Араб тілін Исфахан, Бағдат, Дамаск (Шам) қалаларында игерген. Ол дүние жүзінде Аристотель сынды ғұламалармен теңдес ойшыл ретінде танылды.

Шығыстың аса көрнекті ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби өз шығармаларында араб, парсы, грек, үнді, түрік мәдениетінің жетістіктерін талдап, жақындастыра білді. Мұны “Үлкен музыка кітабы” атты еңбегінен де байқауға болады. Сайып келгенде, әл-Фараби “Қайырлы қала тұрғындарының кітабы”, “Дүниедегі қозғалыстардың тұрақтылығы”, “Өлең сөз және шешендік туралы”, “Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат”, “Логика” т.б. еңбектері ғылым тарихында өзіндік орны бар дүниелер. Білімнің әр түрлі салаларын қамтитын 160 трактат жазған. Ол 80 жасында Шам шаһарында қайтыс болады.

Қожа Ахмет Ясауи (1103-1167 жж.) Сайрам қаласында туған. Әкесі Ибраһим атақты ғұлама адам болған. Шешесі Мұса шайқының қызы Айша. (бір деректерде - Қарашаш). Алғаш әкесінен оқып сауатын ашып, кейінірек ислам дінінің шарифат-қағидаларын үйренген. Бала кезінен Ясы қаласын мекен етеді. Бұхара қаласында Юсуф Хамаданидан діни білім алып, Ясыға оралады. Мұнда ол сопылық ілімнің насихатшысына айналады. Арыстан бабты пір тұтады. Қожа Ахмет Ясауиден қалған мұра оның “Даналық кітабы”, “Диуан-и хикмет” болып табылады. Кітап түрік тілінде араб әліппиімен жазылған. Бұл еңбекте адамды даналыққа, адалдыққа, кіші пейілділікке, имандылыққа шақырады. Ахмет Ясауидің жолын қуған шәкірттерінің бірі ел ішінде Хакім ата аталған Сүлеймен Бақырғани.

Жүсіп Баласағұни (1021-1075 жж.). Ғұлама Шу өзені бойындағы Баласағұн қаласында туған. Толық аты Жүсіп Хас Хажип Баласағұни. Білімді Фараб (Отырар), Қашғар, Бұхара қалаларынан алады. Араб, парсы тілдерінде еркін сөйлеген. Өзінің атақты философиялық-диалектологиялық “Құтты білік” дастанын Қарахан әулетінен шыққан Тағаш Қара Боғраханға арнады. Бұл үшін ақынға Хас Хажип (Сарай министрі) атағы берілді. Ол өзінің атақты “Құтты білік” атты еңбегімен белгілі. Бұл еңбек алғаш рет түрік тілінде жазылған. “Құтты білік” - XI ғасырға дейінгі түрік тілді халықтардың қоғамдық ой-санасында орын алған, терең мазмұнды ғылыми еңбек. Поэманы 1896 ж. К. Керимов Өзбек тіліне аударды. 1971 ж. Н. Гребнев “Бақытты болу ғылымы” деген атпен еркін аударма жасады. Ал 1983 ж. С. Н. Иванов “Благодатная знание” деген атпен орыс оқырмандарына ұсынды. Ал 1986 жылы бұл дастанды ақын А. Егеубаев қазақ тіліне аударды. “Құтты білік” поэмасы түрік тіліндегі энциклопедиялық шығарма болып табылады.

Кітапқа көшпенділер тұрмысы мен аңшылық өнерін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері енген. Жүсіптің ақын ретінде де, ғалым ретінде де атын шығарған еңбегі “Құтты білік”, “Құтадғу білік” атты дидактикалық поэмасы. Жүсіп Баласағұн “Құтты білікті” 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашғар қаласында аяқтаған.

Ал түрік тілдес тайпалардың бір-біріне жақындығын белгілі ғұлама Махмұд Қашғари зерттеді. Махмұд Қашғаридің (1030-1090 жж.) шын аты Махмұд Хусейн ибн Мұхаммед Қашғари. Әкесі Қашғар қаласында туған. Махмұд алғаш Қашғар қаласында, кейіннен Орта Азия мен Иранның ірі қалаларында білім алады. Араб тілін жетік білген. Махмұд Қашғари үш кітаптан тұратын “Түрік тілдерінің сөздігі” (“Диуани луғат ат-түрік”) атты мәңгі өшпес мұра қалдырды. Бұл кітап түрік дәуірінде өмір сүрген түрік тайпалары сөздерінің жиынтығы. Бұл кітапта бүгінгі ғалымдар сол кездегі түріктердің мекен жайларының аты-жөні, олардың тарихы, этнографиясы, ауыз әдебиеті жайлы көптеген мағлұматтар алады. Бұл еңбекте тарихшылардың назарын өзіне аударған шығармадағы дүние жүзінің түрікше картасы. Кітапта 400 мақал- мәтел бар. М. Қашғари оны 1072-1074 жылдары Халиф Әл-Мұқтадиға арнап құрастырған.

Майқы би (Майқы Мәнұлы) XII ғ. соңы -XIII ғ. орта шенінде өмір сүрген. Майқы би атақты би, суырып салма ақын болған. Әкесі-Мән. Майқы жастайынан ақсақ болды. Сондықтан да болар Майқы атанғаны және оның 18 атасының да есімі Майқы болған. Шыңғысханның замандасы әрі кеңесшісі. Ел оны әулие деп те атаған, себебі, ол адам тағдыры мен оқиғаларды болжай білген. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген нақыл бар. Майқы би ұзақ өмір сүріп, 120 жасында қайтыс болған.

Орта ғасырларда әкімшілік, сауда-экономикалық орталық болған көптеген қала Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қалыптасты. Орта ғасыр қалаларының бірнеше бөліктері болған. Олар мыналар: Шахристан, Рабад, Цитадель. Шахристан қала билеушілері, ақсүйектер мен діни қызметкерлердің тұрағы. Ал Рабад қаланың қолөнершілері мен саудагерлері тұратын бөлігі. Ал Цитадель болса, қаланың қорғаныс бөлігі, яғни қамал мен бекіністер.

VI-XII ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі ірі қалалар: Тараз, Отырар, Сауран, Құлан, Суяб, Мерке, Үзкент, Сығанақ, Испиджаб, Иасы (Түркістан), Баласағұн тағы басқалар. Ал, сәулет өнері орта ғасырлардағы түріктер дәуірінде жақсы өркендеген. Қалаларда, қоныстарда архитектуралық құрылыстар, мешіттер көптеп салынған. Сәулет өнерінің өркендеуіне X-XII ғасырларда ислам дінінің кең қанат жаюы үлкен әсер етті. Ислам

дінінің енуіне байланысты бірнеше кесенелер тұрғызылды. Мысалы Бабаша хатун кесенесі, бұл кесене Х-ХІ ғасырларда салынған аса қадірлі сәулет өнерінің туындысы. Кесене Тараз қаласының маңында орналасқан. Ал, Айша бибі кесенесі ХІ-ХІІ ғасырларда тұрғызылған. Кесене Тараз қаласына жақын жерде орналасқан. Бұл кесене - Қарахан мемлекетінің сәулет өнерінің туындысы. Қарахан кесенесі сол дәуірдің үлкен сәулет өнерінің туындысы. Ол Тараз қаласының маңында орналасқан.

Ал, Сырлытам кесенесі ХІ-ХІІ ғасырларда салынған сәулет өнерінің туындысы. Кесене Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Тараз, Отырар, Баласағұн қалаларындағы моншалар да ірі сәулет өнері ескерткіштеріне жатады. Мысалы, Отырар моншасы - ХІ ғасырда салынған ірі ескерткіш.

§ 19. Ұлы Жібек жолы

Ұлы Жібек жолы ежелгі және орта ғасырлардағы континент аралық жол, ол Еуропа мен Азияны байланыстырған. Еуразияны бөліп Қазақстан аумағын басып өтетін Ұлы Жібек жолының тарихы өте ертеден басталды. Ұлы Жібек жолы - Жерорта теңізі маңындағы батыстық мәдениеті дамыған өркениетті елдерден Қытайға дейін баратын сауда-керуен жолы. Жібек жолымен ең алғашқы сауда байланысы б.з.д. III-II ғасырларда жасалған. Бұл сауда жолының Жібек жолы атануында үлкен мән бар. Себебі алғашқы негізгі тауары жібек (Қытай) болған.

Б.з.д. II ғасырда Ұлы Жібек жолының басты сауда дипломатиялық жолы ретінде аты шығады. Ұлы Жібек жолы Алтай, Памир, Тянь-Шань, Сырдария, Әмудария жерімен өткен. Ұлы Жібек жолының VI-VII ғасырлардағы ең гүлденген бағыты Қытайдан Жетісу және Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін батыс бағыты. Орта ғасыр саудасындағы ең құнды тауар жібек болған, оның құны алтынмен бағаланған. Жібек жолында Византиялық алтын солид үлкен сұраныста болып, ол халықаралық валюта ретінде кеңінен пайдаланылды. Жібек жолының бойында Тараз, Баласағұн, Бұхара, Самарқан, Сайрам, Сауран, Отырар, Сығанақ, Мерв, Талхиз, Үргеніш, Испиджаб, Шаш, Весидж, Шауғар тағы басқа ірі ортағасырлық қалалар орналасқан. Кейін XIII-XIV ғасырларда Жібек жолының саяси-экономикалық маңызы одан сайын артқан.

Жібек жолының маңызы. Ортағасырлық Жібек жолының маңызы мынандай: бірінші, отырықшы және көшпелі мәденет бірін-бірі байытты, екінші, қала саны артты, үшінші, сыртқы байланыс дамыды, төртінші, сауда-саттық кеңейді. Сондай-ақ Жібек жолы бойындағы елдердің әдебиеті мен өнері бір-біріне әсер етіп, өзара байыды. Жібек жолы Қазақстан мен Орта Азияда мәдени-экономикалық жағдайдың өрлеуіне ықпал етті. Жалпы, Жібек жолымен 2000 жылдан астам уақыт бойы сауда керуендері жүрген. Жібек жолымен шығыстан будда, батыстан христиан діні таралған. Жібек жолы сауда жолы ғана емес, көшпелі, отырықшы халықтар мәдениетінің даму, таралу жолы болды. Ұлы жібек жолы XIV-XV ғасырларға дейін пайдаланылды. Ал кейін теңіз сауда жолының пайда болуына байланысты жібек жолы өзінің маңызын жоғалтып, өмір сүруін тоқтатты.

IV ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН МОНҒОЛ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ ДӘУІРІНДЕ

§ 20. Монғол мемлекетінің құрылуы

XI-XII ғасырда монғол тайпалары Орхон мен Керуленге қоныстанды. XIII ғасырдың басында Қытайдың солтүстігіндегі ұлан - ғайыр территорияда Монғол мемлекеті құрылды. *Боржігін* тайпасынан шыққан Темучин (1155-1227 жж.) бытыраңқы монғол тайпаларын біріктіріп, монғол патшалығын құрған. Темучиннің әкесі - Есукей батыр.

1206 жылы Монғолияның Онон өзенінің жағасында болған құрылтайда ақсүйек, шонжарлар Темучинге “Шыңғыс хан” деген атақ беріп, оны Монғол мемлекетінің ұлы ханы деп жариялайды. Монғол империясының астанасы Қаракорым болды. Шыңғыс ханның мақсаты аса күшті әскери-феодалдық мемлекет құру еді. Әскер күші 3-ке бөлінді: оң қол, сол қол және орталық. Әскерлер жүздікке, мыңдық, түменге бөлінді. Монғол феодалдары “ноян” деп аталды. Шыңғыс хан көшпелі ақсүйектердің талабын орындау үшін, дүние жүзіне атын шығару үшін, ішкі тартыстарды тоқтату үшін және әлемді билеу үшін шапқыншылық жолына түсті. XIII ғасырдың басынан бастап-ақ Шыңғыс хан басқыншылық соғыстар жүргізді. Таяу қоныстанған көптеген тайпаларды бағындырады. 1207-1208 жылдары монғол әскерлері Сібірдегі буряттар, якуттар мен ойраттарды, Енисей қырғыздарын жаулап алады. 1211 жылы Қытайды және оның астанасы Пекинді (Ханбалықты) бағындырды.

1217 жылы қарлұқтар Шыңғыс ханның қол астына қарайды. 1218 жылы Шыңғыс ханның сенімді нөкері Жебе ноян Жетісуға басып кіріп, найман ханы Күшлікті женеді. Осы жылы Шыңғыс хан Хорезм шахы Мұхаммедке бейбіт келісім жасау үшін елші жібереді. 450 адамнан құралған елшілік 500 түйемен Отырарға барғанда, Отырар билеушісі Қайыр хан керуенді тонап, адамдарды өлтіреді. Бұл оқиға Шыңғыс ханның Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға басып кіруіне басты сылтау болады. Сыр бойындағы қалалар Бұхара, Самарқан, Сығанақ, Сауран, Баршынкент, Жент, Үзгент тағы басқа қалалар 1219-1220 жылдары толығымен монғолдардың иелігіне көшті.

1219 жылы қыркүйекте Шыңғыс ханның 111 мың әскері Отырар қаласын қоршады. Бұл қалың қолды Шыңғыс ханның ұлдары Шағатай мен Үгедей басқарды. Қайыр хан 50 мың әскерімен Отырарды 5 ай (кейбір деректерде 6 ай) бойы қорғады. 1219-1224 жылдар аралығында Шыңғыс хан Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алып, өз империясының құрамына қосты.

1236 жылы Европа жорығы басталды. Шыңғысханның немересі Батый монғол әскерінің қолбасшысы болды. Ол 1236-1242 жылдары Еділ бұлғарларын, орыс княздіктерін талқандап, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны одан әрі Адриат теңізіне дейінгі жерді жаулап алады.

1238 жылы Бұхарада Махмұд Тараби бастаған көтеріліс Шыңғыс хан қол астындағы халықтар көтерілісінің ең ірісі болды. Ұлан-байтақ өңірлерді жаулап алған Шыңғыс хан өзінің төрт ұлына ол жерлерді бөліп берді. Қазақстан территориясы үш монғол ұлысының құрамына кірді:

Төлеге (кіші ұлы) кіндік Монғолияны; **Шағатайға** Жетісу мен Әмудария маңын (Мауереннахр), Шығыс Түркістанды; **Үгедейге** Алтай, Тарбағатай, Батыс Монғолия жерлерін береді. **Жошы** (үлкен ұлы) үлесіне Ертістен батысқа қарай (бүкіл Дешті Қыпшақ жерін қоса) Оралға дейін, Жетісудың солтүстік бөлігі, Арал, Каспий маңындағы жерлер тиді.

Бұл бөлінген жерлер ұлыстар деп аталды. Барлық ұлыстардың орталығы Қарақорым болды. Ал Қазақстан аймағы үш ұлысқа (Төледен басқа) қарады. Бұлардың ішінде ең ірісі - Жошы ұлысы, шағыны - Шағатай ұлысы.

Жошы ұлысы. Шыңғыс хан құрған алып империя аумағының басым бөлігі Жошы ұлысына қарады. Алғашқыда ұлыс территориясы Ертістен Еділге дейінгі, Сібірден Сырдарияға дейінгі жерлерді қамтыды. Қазақстан жерінің басым бөлігі осы ұлыстың құрамында болды. Жошы хан өлгеннен кейін мирасқоры Батый (Бату) жорықтары нәтижесінде ұлыс аумағын Алтайдан Дунайға дейін созды. Бұл ұлы мемлекет Алтын Орда мемлекеті деп аталды.

Шағатай ұлысы. Жетісу, Мауереннахр сияқты өңірлерді иеленген Шағатай 1241 жылы өлді Оның орнына баласы Есу-Мөңке хан болды. Шағатай ұлысында тақ таласы тоқтамад, өзара қырқысулар XIV ғасырдың ортасында ұлыстың ыдырауына

әкеп соқты. Шағатай ұлысының жұртына Жетісуда Моғолстан мемлекеті құрылды.

§ 21. Алтын орда мемлекеті

1227 жылы Жошы өлген соң оның орнына ұлы Батый отырды. 1235 жылы Монғол империясының астанасы Қаракорымда болған құрылтайда Батысқа (Еуропаға) шапқыншылық жорық жасау ұйғарылды. Бұл жорық 1236 жылы басталады. Алтын Орданың астанасы Сарай-Бату, ал кейінірек Сарай-Берке қаласы болды. Түрік деректерінде Батый ханның әскерлері қыпшақтар деп аталды. Себебі, ұлан-ғайыр өлкеде орналасқан мемлекет халқының басым бөлігі түркі тілдес қыпшақтар болатын. Мемлекеттің басты саяси-мәдени тілі қыпшақ тілі болды. Алтын Орда әскерлері оң қол, сол қол деп екі қанатқа бөлінді. Мемлекет басындағы нояндар мен бектердің, басқақтар мен тамғашылардың қолында билік көп болды. Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте “Қыпшақ ұлысы” деп те аталды. Алтын Ордада монғолдар басым тайпа болған жоқ. XIV ғасырда монғолдар түркіленіп, Алтын Орданың халқы “татарлар” деп аталынған. Сонымен қатар Алтын Орда Берке ханның тұсында біртұтас монғол империясынан, бөлек тәуелсіз мемлекет болды. Кейін Алтын Ордада Мөңке хан өз атынан теңге шығара бастады. Алтын Орда XIV ғасырдың I жартысында, Өзбек пен Жәнібек хандар тұсында едәуір көтерілді. Өзбек ханның тұсында 1312 жылы мұсылман діні мемлекеттік дін болып жарияланды. Алтын Орданың тәуелсіз иеліктерге бөлінген кезі XIV ғасырдың II жартысы.

1359—1379 жылдар Алтын Орда тарихында “Ұлы дүрбелең” кезеңі деп аталынды. Кейін Тоқтамыс хан Алтын Ордадағы өз билігін соғыстағы жеңістермен бекіте түспек болып 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Солтүстік пен Батыста Ақсақ Темірдің басқыншылық жоспарларына Алтын Орда мемлекеті кедергі жасады. Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы шешуші шайқас 1395 жылы болды. Тоқтамыс пен Темір арасындағы күрес-тартыс Сыпыра жыраудың жырларында бар. Алтын Ордада әскер ісін және дипломатиялық қатынастарды “беклербектер” басқарды. Ал, “басқақтар” алым-салық жинаумен айналысты. Алтын Ордаға Темір мемлекетімен болған соғыс өте ауыр тиді.

Алтын Орданың ыдырау себебі мыналар:

- этникалық құрамы әр түрлі халықтар бір мемлекетте тұра алмады;

- шаруашылығының өркендеуі нашар болды;

- билік үшін талас күшейді;

- езілген халықтың азаттық күресі күшейді.

Әмір Темір әскерлерінің 1389-1391 және 1395 жылдардағы жорықтары нәтижесінде Алтын Орда талқандалды. Алтын Орда XV ғасырдың ортасына қарай біржола құлады.

Шаруашылығы және мәдениеті. Көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егін шаруашылығы Алтын Орда халықтарының басты шаруашылығы осы екеуі. Алтын Орда халықтары, негізінен, мұсылмандар болды. Алтын Орда мемлекетінде алғашқыда көне ұйғыр жазуы негізгі жазу болып қалыптасса, кейіннен ислам діні ықпалының күшеюіне байланысты араб жазуы да қатар қолданылды.

§ 22. Ақ орда

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында орналасқан Алтын Орданан Ақ Орда дербес мемлекет болып бөлінді. Бастапқы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісудың солтүстік-батыс бөлігі, Ертіс жағалауы Жошының үлкен ұлы Орда-Ежен ұлысы болып, ол Көк Орда деп аталды. Ал, Жайық, Ырғыз, Тобыл, Сарысу, Арал жағалауындағы далалық, Сырдарияның төменгі сағасы Жошының бесінші ұлы - Шайбан үлесіне тиіп, оны Ақ Орда деп атады. Кейін Шайбан ұлысы Орда-Ежен ұлысының құрамына енген соң мемлекет Ақ Орда деп аталынды. Ақ Орда хандығы Жошы ұлысының территориясында болды. Ақ Орданың шаңырағын көтерген хан Орда-Ежен болатын. Ақ Орданың алғашқы ханы Сасы-Бұқа болды. Бұдан кейінгі Ақ Орда хандары Ерзен, Мүбәрәкқожа Алтын Ордаға тәуелділіктен құтылуға әрекет жасай бастады. Ақ Орда Алтын Орданың құрамынан дербес хандық болып Ерзен хан тұсында бөлініп шықты. Ақ Орда тәуелсіз хандық болып Орыс ханның тұсында жарияланды. Осы ханның тұсында (1361-1377 жж.) Ақ Орда айтарлықтай күшейген болатын.

Ақ Орданың қалалары: Сығанақ, Иасы (Түркістан), Сауран, Жент, Баршынкент, Отырар. Астанасы - Сығанақ қаласы. Ақ Орда мемлекеті қазақ жерін түгел қамтыды. Тайпалары: қыпшақ, керей, найман, арғын, қоңырат, жалайыр, алшын, қарлұқ тағы басқалар. Ақ Орда халқы өзбек-қазақтар деп аталған. Ақ Орда XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағындағы феодалдық мемлекет болды. Мемлекет басында Шыңғыс тұқымынан шыққан хандар отырды. Ақ Орданы әлсіреткен Ақсақ Темір жорықтары болды. Ақ Орданың ыдырауы нәтижесінде Ноғай ордасы мен Әбілхайыр хандығы пайда болды.

§ 23. Моғолстан

XIV ғасырда Шағатай мемлекеті батыс және шығыс иелікке бөлінді. Шығыс бөлігінде 1346-1348 жылдары Моғолстан мемлекеті құрылды. Дулат тайпасының феодал ақсүйек қауымының Әмір-Болатшы басшысы Моғолстан мемлекетінің негізін салды. Моғолстанда мемлекеттің саяси билігі және жер билігі ханның қолында болды. Моғолстанда ханға мемлекет басқаруда ханға ұлыс бегі көмектесті. Дулат тайпасының феодалдық ақсүйектер басшысы Әмір Болатшы жаңа Моғолстан мемлекетінің ханы етіп Тоғылық Темірді сайлады. 1348 жылы Тоғылық Темір Моғолстан ханы болып жарияланды.

Моғолстанның саяси-әкімшілік биліктерінің көбі дулат феодалдарының қолында болды. Моғолстанды Шағатай әулеті билеп келген. “Моғолстан” - тарихи-геологиялық термин сөз. Оның мәні “могул”, “могол” деген ұғымнан шыққан. Орта Азия халықтарының айтуы бойынша, “монгол” деп аталып кеткен. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы халықтар Моғолстанның пайда болған кезінен бері түркі тілдес болды. Тарихи деректер бойынша, моғолдар құрамына дулаттар, қаңлылар, керейлер, үйсіндер, арғындар т.б. тайпалар енді. Моғолстан астанасы - Іле бойындағы Алмалық қаласы. Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарих-и-Рашиди” кітабында Моғолстан территориясы жайында былай жазады: “Моғолстан шекарасының ұзындығы 7-8 айлық жол. Шығысында қалмақ жерімен шектесіп, Баркөл, Ертіс өзендерін қамтиды. Солтүстік шекарасында Балқаш, батысында Түркістан, оңтүстігінде Ташкент, Ферғана, Ақсу Қашғар қалала-

ры орналасқан”. Тоғылық Темір ханның тұсында Моғолстан бүкіл Мауереннахрды жаулап алды.

1371-1372 жылдары Әмір Темір Моғолстанға алғаш рет жорық жасап көптеген қалаларды басып алады.

1371-1373, 1375-1377 жылдары Темірдің Моғолстан жеріне екінші шабуылы басталады. Моғолстан әскері орасан зор шығынға ұшырады.

1371-1374, 1383 жылы Темір Моғолстанға тағы бір рет басып кірді.

1389 жылы Қызыр Қожа Моғолстан тағына отырды.

1390 жылы Темір әскерлері Моғолстан жерін ойрандады. Осыдан кейін Моғолстан мемлекеті құлдырай берді.

§ 24. Әбілхайыр хандығы (1428-1468 жж.)

Ақ Орданың құлауы нәтижесінде Қазақстанның далалық аймағында Әбілхайыр мемлекеті құрылды. 1428 жылы хан тағына Әбілхайыр отырды. Әбілхайыр Шыңғыс ханның ұрпағы Шайбан әулетінен шыққан. Оның әкесі Дәулет Шайх Оғлан. Әбілхайыр хандығының құрамында түрік тайпалары көп болды. Олар өзбектер деп аталды. Бұл мемлекет тарихта “көшпелі өзбектер” деп аталады.

Хандық территориясы негізінен, Шығыс Дешті-Қыпшақ жерін қамтыған. Батысында Жайықтан, шығысында Балқаш көліне дейінгі, Солтүстігінде Ертіс, Тобыл өзендерінен оңтүстіктегі Сырдарияның Аралға құяр тұсына дейінгі жерлерді алып жатты. Әбілхайыр осы хандықты қырық жыл басқарды. Әбілхайыр хандығының астанасы Сығанақ қаласы болды. Негізі, Сығанақ қаласының маңында Шайбан әулетінен шыққан хандар жерленген. Осы жерлердегі кесенелердің бірінде Әбілхайыр хан жерленген. Ол-Көк кесене. Әбілхайыр хандығы туралы Осман Кухистанидің шығармасында кездеседі. Ол “Тарихи-Әбілхайырхани” деп аталады.

1457 жылы Әбілхайыр хан Сығанақ түбінде ойраттардан жеңіліс тапты. XV ғасырдың 50 жылдарында Жошының ұрпақтары Керей мен Жәнібектің Әбілхайырға бағынғылары келмей, одан бөлініп артына ерткен көптеген халықпен Моғолстан жеріне көшіп кетті.

Ал, Әбілхайыр хандығының құлауына мемлекет ішіндегі жеке ұлыстар арасындағы алауыздық себеп болды. Шыңғысхан ұрпақтары арасында билік үшін болған ішкі қақтығыстар мен тартыстар және қатардағы көшпенділердің феодалдық қанауға қарсы наразылығы себеп болды. Сонымен қатар сыртқы саясаттағы сәтсіздіктер де өз ролін атқарды. 1468 жылы Әбілхайыр Моғолстанға жорыққа аттанып, жолда қайтыс болды. Сөйтіп, Әбілхайыр ханның мемлекеті құлады. Соның нәтижесінде бұрынғы қуатты Алтын Орданың ізі жойылды, енді оның аумағында Қазақ, Ноғай, Сібір деп аталатын жаңа мемлекеттер пайда болды. Сонымен XVI ғасырдың басында “қазақ” пен “өзбек” атауларының аражігі ажыратылды. Бұрынғы өзбек ұлысының тұрғындары қазақтар деп аталып, Қазақ хандығына бағынышты болды. Ал, Орта Азияның түркі тілдес халықтарының ішіне сіңіп кеткен Әбілхайыр ханның ұрпақтары өзбектер деп аталды.

§ 25. Ноғай ордасы (XIV-XVI ғасырлар)

Алтын Орданың ыдырауы, Ақ Орданың әлсіреуі барысында Қазақстанның Солтүстік батысында Ноғай ордасы деп аталатын дербес мемлекет пайда болды. Ноғай ордасының жартылай тәуелсіз ел болып оқшаулануы Алтын Орданы басқарған Едігеден (1396-1411 жж.) басталды. Едіге Ноғай орданысының негізін қалаған. Ноғай ордасында Едіге 15 жылдай уақыт билік құрды. Тарихи деректерде Ноғай ордасы “маңғыт жұрты” деп аталады. Бұл мемлекет Едігенің ұлы Нұраддиннің тұсында (1426-1440 жж.) біржола бөлінді. “Ноғай”, “ноғайлар”, “Ноғай - Ордасы” терминдері әдебиетте бірінші рет XVI ғасырда пайда болды. Ноғай ордасында маңғыт тайпасының өкілдері билік етті. Ноғай ордасының негізгі орналасқан жері Еділ мен Жайық өзендерінің аралығы, Астанасы-Сарайшық қаласы.

Жошы ханның немересі Ноғай Алтын Орда әскері қолбасшыларының бірі болған. Ол Кавказ, Польша, Венгрия, Балкан және Парсы елдеріне әскери жорықтар жасады. 1273 жылы ол Византия императорының қызына үйленді. 1306 жылы Доннан Дунайға дейінгі ұлан-ғайыр өлкені билеген Ноғай Тоқтамыстың қолынан қаза тапты. Ноғайдың қарамағындағы Каспий маңы-

ның халықтары Ноғай елі деп атанып кетті. Осылайша XIV ғасырда Еділ бойында Ноғай ордасы атты жаңа мемлекет пайда болды. Ноғай ордасының дербес мемлекет болуына Едіге көп ықпал еткен. 1426-1440 жылдары Едігенің баласы Нұраддин билік құрған тұста Ноғай ордасы күшейді. Ноғай ордасы феодалдық мемлекет болды. XVI ғасырда Ноғай ордасы орыс мемлекетімен біртіндеп сауда-экономикалық және саяси байланыстарын нығайта түсті. Қазан және Астрахань хандықтарын Ресей жаулап алғаннан кейін, Ноғай ордасы бірнеше дербес иеліктерге бөлініп кетті.

Ноғай ордасы құрамындағы қоңырат, қаңлы, арғын, тама, қыпшақ сияқты тайпалардың бір бөлігі қазақтардың кіші жүзіне кірді. Ал қалғандары Орыс князьдығына, Қырым хандығына қарады. Ш. Уәлиханов Ноғай ордасы мен қазақ хандығы халықтарының өзара туыстығы туралы айтқан. Осы мәлімет қазақ ханы Жәнібек кезінде ноғайлар мен қазақтардың, яғни екі туысқан орданың арасында тату қарым-қатынас болғанын байқатады. Осындай қатынастар кейін де жалғасты. Мысалы XVI ғасырдың орта шенінде Хақназар ханды тұстастары “қазақ пен ноғай ханы” деп атағанын шежірешілер жазып қалдырған. Бірақ олардың татулығы әр кез сақталды деуге болмайды.

V ТАРАУ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

§ 26. Қазақ хандығының құрылуы

Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі. Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу және Түркістан аумақтарындағы болған әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси процестер қазақ хандығының құрылуындағы заңды құбылыстар. Ол Әбілхайыр хан мен Моғолстан мемлекеттерінің ішкі саяси жағдайымен тығыз байланысты. Саяси жағынан бытыраңқылығы басым этникалық топтардың, яғни қазақ тайпаларының бір мемлекетке бірігуі Қазақ хандығының құрылуына әкелді. Қазақ хандығы XV ғасырдың 60 жылдардың ортасы мен 70 жылдардың басында (Мұхаммед Хайдар Дулатидың есебі бойынша 1465-1466 жж.) Батыс Жетісуда құрылды. Оның негізін қалаушылар Орыс хан мен Барақ ханның ұрпақтары Керей хан мен Жәнібек хан болды. Қазақ хандықтарының сыртқы саясат жөніндегі бағыт-бағдары және дипломатиялық қатынасы белгілі бір дәуірдегі ішкі, әсіресе сыртқы жағдайға сәйкес өзгеріп отырды. Керей хан мен Жәнібек ханның одақтық қатынас орнатқан тұңғыш мемлекеті Моғолстан болды. Моғолстанның ханы Есенбұға хан Моғолстанның батыс бөлігіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарына қоныстануға рұқсат берді. XV ғасырдың II жартысында Қазақ хандығының іргесі нығайды. Көрші мемлекеттердің (Әбілхайыр хандығы, Темір және Моғолстан мемлекеттері) құлдырауы Қазақ хандығының күшейуіне себеп болды. Керей мен Жәнібек хандар қазақ халқының жеке мемлекет құру, саяси және мәдени-экономикалық тәуелсіздік алу жолындағы талабын өз қимылдарына арқау етті. “Таурих-и гузида-ий Нусратнама” еңбегінің авторы айтып өткендей, Керей хан Орыс ханның немересі Болат ханның ұлы. Керей хан 1472-1473 жылдардағы оқиғалардан кейін қайтыс болған деп есептеледі. Ал, Жәнібек хан Барақ ханның ұлы Орыс ханның шөбересі. Ол қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы. Оның азан шақырып қойған есімі-Әбусаид (кей деректе Бусаид немесе Әбусағид). Ең алдымен Қазақ хандығының құрамына Созақ, Сауран қалалары кірді. 1480-1511 жылға дейін Керейдің баласы Мұрындық хан болды. XVI ғасырдың I жартысында Қа-

зақ хандығы күшейе түсті. Оңтүстік Қазақстан қалалары үшін соғыс Мұрындық ханның тұсында да толастаған жоқ.

Ал, 1511-1518 жылға дейін Қасым хан болды. Қасым хан шамамен 1445 жылы дүниеге келген. Ол 1518 жылы қайтыс болған. Қазақ хандығының негізін салған Әз Жәнібектің ұлы. Анасы Жағанбегім-Мұхаммед Шайбани ханның кенже інісі Махмұд сұлтанның апасының сіңілісі. Қасым ханның алға қойған басты міндеті Сырдария бойындағы қалаларды Қазақ хандығының құрамына қосу болатын. XVI ғасырдың аяғына қарай Қасым хан Қазақ хандығының жерін ұлғайтты. “Тарихи Рашиди”, “Шайбанинама” т.б. деректердегі мәліметтерге қарағанда қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары Қазақ хандығына Қасым ханның билігі кезінде біріктірілген. Қасым ханның тұсында қазақ халқының саны 1 млн-ға жетті. Қасым хан қазақтың құқықтық тарихының бес бөлімнен тұратын белгілі “Қасқа жол” заңдар жинағын шығарған. Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы Ресей патшалығымен, Сібірмен тағы басқа елдермен байланыс орнатты. Ал, Қазақ хандығының Қасымнан кейінгі билігі оның мұрагері Мамаштың қолына тиеді. Ол 1518-1523 жылға дейін хандық құрды. Қасым ханнан кейін қазақ хандығы әлсірей бастады. Ал, 1523-1533 жылдар аралығында хан тағына Қасымның немересі Тақыр отырды. Тақыр хан мен Ноғай ордасының арасындағы алауыздық шиеленісе түсті. Тақырдың кезінде Қазақ хандығы біраз жерлерінен айырылып қалды.

1533-1534 жылға дейін хан тағына Бұйдаш отырды. Бұл ханның тұсында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайлары жақсара қойған жоқ. Ал 1534 жылы хан тағына Қожа Махмұд, ал 1535-1537 жылға дейін Тоғым хан отырды. 1537 жылы хан тағына Қасым ханның ұлы Хақназар (1537-1580 жж.) отырды. Хақназар хан тұсында Қазақ хандығы дамып, күшейе түсті. Маңғыт (Ноғай) басшылары өз ара қырқысуларды тоқтатып, Хақназарға бағынды. Хақназар хан Моғолстан хандарымен үздіксіз және табан тіресе соғысты. XVI ғасырдың 50 жылдары ол Қазақ хандығына бұрынғы Ташкентті бағындырды, ал 70 жылдарының аяғында Хақназар Абдолла ханмен одақтас болып, Баба сұлтанға қарсы күрес жүргізді. Хақназар хан ең алдымен Жайық маңын, Түркістан жерлерін қосып алды. Қазақ хандығы Хақназар хан тұсында саяси жағынан қайта өркендеді.

1580-1582 жылдары хан тағына Шығай отырды. 1582 жылы Шығайдың баласы Тәуекел хан болды. Тәуекел хан Ақназар (Хақназар) ханның мұрагері әрі ізбасарларының бірі. Ол Бұхара мен Моғолстан бұғауына босау жолында үздіксіз соғыс жүргізді. Бұхар әскерін талқандаған соң, Ташкент пен Самарқанды басып алды. 1598 жылы Бұхар үшін болған шайқаста Ташкентте Тәуекел хан қайтыс болды. Есім хан 1598-1623 жылдары Қазақ хандығын билеген. Шығай ханның баласы. Таққа Тәуекел ханнан кейін отырған. Өз тұсында “Еңсегей бойлы ер Есім” деген атпен әйгілі болған. Бұл атау Жиёмбет, Марқасқа жыраулардың жырларында жиі айтылады. Бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауреннахрға жасаған жорықтағы ересен ерлігіне байланысты берілген көрінеді. Есім хан тарихта “Есім ханның ескі жолы” деген атпен белгілі заң ережелерін құрастырған. Мемлекет билеудің құқықтық жүйесін реттеуде бұл аталған заңдар жинағы елеулі рол атқарды. Есімнің інісі Тұрсын Есім ханға бағынбай, Ташкентті жеке биледі. 1627 жылы Есім хан Тұрсынды өлтірді. Есім хан Қазақ хандығының аумағын кеңейту бағытында үлкен үлес қосты. 1628 жылы Есім хан қайтыс болады.

Ал 1628-1652 жылдар арасында үш жүздің ханы Жәңгір таққа отырды. Ол Шығай ханның немересі, Есім ханның баласы. Басы бақыр қазандай, апайтөс, бірақ аласа адам екен. Сонысына қарап халқы “Салқам Жәңгір” деп атап кетіпті. Оның хандық құрған кезі ойрат-жонғарлармен екі арадағы қақтығыстың күшейген кезі. Ол 1643 жылы 600 сарбазбен ойраттың 50 мыңдық әскеріне қарсы шығып жеңіске жетті. 1652 жылы ойраттармен болған шайқаста Жәңгір қайтыс болды. Біраз уақыт бойы Қазақ хандығының билігі сұлтандардың қолында болды.

1680 жылы хан тағына Әз-Тәуке отырды. Ол хандық билікті негізінен, билерге сүйеніп жүргізді. Билердің көмегімен “Жеті жарғы” заңдар жинағын шығарды. “Жеті жарғы” қазақтардың XVIII ғасырдағы әдет-ғұрып заңдары. “Жеті жарғы” бойынша ер адамның құны 1000 қойға теңестірілген. Ал, әйел зорлаған адамға өлім жазасы кесілген. XV-XVII ғғ. Қазақ хандығында кек алу заңы бірінші орында тұрды. Кек алу “Қанға-қан” ұранымен сот шешімі арқылы жүзеге асты. Сот шешімін бүкіл ру орындады. Хан мен сұлтандардың пайдасына шарифатқа негізделіп салынатын мал салығын “зекет” деп атады. Ал, ұшыр,

баж, харадж салықтарын егіншілер мен қолөнершілер төледі. Сондай-ақ малшылар зекет, соғым, сыбаға түріндегі алым-салықты төлеуге міндетті болды. Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласы болды. 1710 жылы Тәуке ханның ордасында үш жүздің өкілдері жоңғарларға тойтарыс беру үшін әскери күшті ұйымдастыру мәселесін талқылады. 1718 жылы әз-Тәуке қайтыс болады.

§ 27. Қазақ халқының қалыптасуы

Қазақ халқының қалыптаса бастауы б.э.д. II-I мыңжылдықтардан басталады. “Қазақ” сөзінің шығуы туралы алуан-түрлі ғылыми болжамдар мен көзқарастар болды. Бірақ әлі де нақтылы толық дәлелденген пікір айтыла қойған жоқ. Дегенмен ол пікірлер мен болжамдардың кейбірі көңіл аударуға тұрарлықтай. Көне түрік тіліндегі деректерге қарағанда, “қазақ” деген атау Орхон, Енисей жазбаларындағы “қазғак оғлұм” деген сөздегі “ғ” әрпінің түсіп қалу нәтижесінде тұрақтанған. Алай түрік тілінің заңдылықтары бойынша бұл пікір де қолдау таппады. Түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тармағынан қазақ тілі XIV-XV ғасырларда бөлініп шықты. Қазақ халқының көп ғасырлық құрылу процесі мен этникалық территориясының анықталуы XV-XVI ғасырларда аяқталды. Саяси жағынан шашыраңқы этникалық туыстас топтардың басы қосылып қазақ рулары мен тайпаларының бірігуіне Қазақ хандығының құрылуы әсер етті. Ежелгі Сібір тайпалары тілдерінде “қазақ” сөзін “мықты”, “берік”, “алып” мағынасында берілген. Шығыс Дешті Қыпшақта “қазақ” атауы IX-X ғасырларда әлеуметтік мағынада қолданылса, ал XI-XII ғасырларда осы атас этникалық әлеуметтік топтардың болғандығы байқалады.

“Қазақ” XIII ғасырдағы хорасан түркмендері арасында да кездеседі. Кейбір деректерде сақ, хазар тайпаларының атынан шыққаны айтылады. Тарихшы Б. Е. Көмековтың айтуы бойынша “қазақ” сөзі бұлардың арасында этникалық сипатта қолданылған тәрізді. Сонымен “қазақ” сөзі көне түрік дәуірінде пайда болып, XIII ғасырға дейін бостандық сүйгіш “еркін адамдар” деген мағынада қолданылып келген. Рузбиханның өзбек ұлысында (XV ғ.) үш халықтың болғандығы, оның ішінде ең көбі,

ержүректері қазақтар екені айтылған. Ақыр соңында өзбек ұлысынан немесе Әбілхайыр хандығынан Жәнібек пен Керей сұлтаннар қазақ аталып жүрген тайпалармен бөлініп көшкенде, оларға алғаш “өзбек-қазақ” деген ат тағылған, кейін XV ғасырдың II жартысында қазақ халқының құрылуына байланысты “қазақ” атауы біржола этникалық сипатқа ие болды.

Қазақ жүздері. “Жүз” деген атау тарихи шаруашылық-аймақ деген мағынаны береді. Жаңадан қалыптасқан қазақ халқы Қазақстан жеріне түгелдей тарап қоныстанды. Қазақ халқы мекендеген бұл жерлерде 3 түрлі шаруашылық аймақ қалыптасты. Осыған байланысты сол өңірлерді мекендеген халықтар үш жүзге бөлінді.

Ұлы жүз.

Мекендеген өңірлері: Оңтүстік Қазақстан, Жетісу (Іле, Шу, Талас).

Тайпалар: дулат, албан, үйсін, қаңлы, суан, жалайыр, шапырашты, сіргелі. Ұлы жүзді Ақарыс деп те атайды.

Орта жүз.

Мекендеген өңірлері: Орталық және Шығыс Қазақстан (Ертіс, Есіл, Нұра, Тобыл, Сарысу өзендерінің бойы).

Тайпалар: арғын, найман, керей, уақ, қыпшақ, қоңырат. Орта жүзді Бекарыс деп те атайды.

Кіші жүз.

Мекендеген өңірлері: Батыс Қазақстан, Сырдарияның төменгі ағысы (Орал, Ырғыз, Торғай, Еділ өзендерінің бойы).

Тайпалар: әлім, байұлы, жетіру, солардан тарайтын табын, адай, шөмекей, жағалбайлы, шекті, төртқара, тама, серкеш т.б. Кіші жүзді Жанарыс деп те атайды.

Қазақ билері мен батырлары. Ұлы жүз биі Әлібекұлы Төле би 1663-1756 жылдары өмір сүрген. Ол дулат жұртының Жа-ныс руынан шыққан. Төле би сауатты, ақындық-шешендік өнерінен тәлім алған, Ол 15-20 жасында билікке араласып әділдігімен, шешендігімен елге танылды. Ол кезде қазақ пен жоңғар хандықтары ұдайы жауласуда еді. Төле би басқа атақты билермен бірге Әз Тәукенің сенімді көмекшісі болды. Төле бидің есімі тек Ұлы жүзге ғана емес, Орта жүз бен Кіші жүздегі ірі-ірі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Төле бидің денесі Ташкент қаласына, Бабырдың нағашы атасы Жүніс ханның жанына қойылған. Онда Төле биге үлкен ескерткіш орнатылған.

Орта жүздің биі Қаз дауысты Қазыбек би 1667-1764 жылдары өмір сүрген. Қаз дауысты Қазыбек би - Орта жүз арғын ішіндегі Қаракесек. Өз әкесі Келдібек, ұлы әкесі (атасы) абыз атанған Шаншар, бабасы-Бұлбұл шетінен тілге шешен білікті адамдар болыпты. Қазыбек ел дауын шешуді өз басына міндет етіп алып, бала би деген аттан, дана би деген атаққа дейін көтерілді.

Ал Кіші жүз биі Әйтеке би 1666-1722 жылдары өмір сүрген. Артына аталы сөз қалдырған, есімі ел жадында сақталған қазақ шешендерінің бірі. Қазақ руларының басын біріктіріп, бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы бірінғай халық майданын құрған. Тәуке ханның кеңесшісі болған.

Атақты үш би-Төле, Қазыбек, Әйтеке бір ананың тетелес үш ұлындай қатар аталып, қатар қадірленіп, ел жадында бірдей сақталған. Төле, Қазыбек, Әйтекелердің қазақ халқына сіңірген өлмес еңбегі де осы үштік бірлікті нығайтқандығында.

Қаракерей Қабанбай батыр 1691-1769 жылдары өмір сүрген. Қабанбай жастайынан жоңғарлардың жауыздығын көзімен көрген еді. Қабанбайдың шын есімі-Ерасыл. Ерасылды жеңгелері “Нар бала” атаса, жездесі қайрат-күшіне, батылдығына сүйсініп, “қабан” деп атап кетеді. Ержете келе жойқын күшімен, алғырлығымен, қайтпас қайсарлығымен Қабанбай есімі айбынды қалпында сақталып қалады. Елдің айтуына қарағанда, Қабанбай батыр 103 ұрысқа кірген, “Дарабоз”, “Хан батыр” атанған. Оның батырлық-ерлік хикаяларын баяндайтын “Ер Қабанбай” атты дастаны сақталған.

Бөгенбай батыр 1690 жылы Бөген өзенінің жағасында дүниеге келген. Ұлы атасы Әлдеубек Еңсегей бойлы Есім ханның атақты батырларының бірі болған. Әлдеубек батырдың баласы Ақша батыр Тәуке ханның 80 мыңдай қолын бастаған сарбар болған. Бөгенбай 1728 жылы 28 жасында 30 мың қолға қолбасшы болып, қазақ елінің берекесін алып, құтын қашырған казак-орыстарды талқандап, Еділден ары асырып тастаған. Бөгенбай батыр Абылай таққа отырғаннан кейін мемлекеттік, дипломатиялық іске кеңінен араласты.

Райымбек батыр 1730-1829 жылдары өмір сүрген. Райымбек Түкеұлы Ұлы жүздің Албан тайпасы, Алжан руының Сырымбет деген атасынан тарайды. Райымбектің атасы Хангелді атақты батыр, ел бірлігі мен тыныштығын сақтау жолында көптеген әрекеттер жасаған қайраткер болған. Ал шешесі жалайыр елінің батыры Барақтың қызы-Керімбүбі еді. Райымбек батыр 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерен ерлік көрсетіп, батыр атанды.

Шапырашты Наурызбай батыр 1706-1781 жылдары өмір сүрген. Құттымбетұлы Наурызбай Ұлы жүз Шапырашты тайпасының Асыл руынан, қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Жалпақтас, Серіктас деген жерлерде туылған. Абылай ханның ту ұстаушы үш батырының бірі. (Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай). Наурызбай батырдың өмірі жоңғарларға қарсы соғыспен өткен. Жоңғарлармен соғыста оның Құдайберген, Шолпан, Дүйсен деген үш бауыры бірдей қаза болады. Наурызбайдың 1729 жылы қалмақ батырлары Шамал хан мен Қаскелеңді жекпе-жекте өлтірген ерлігі қазақ даласына кең тараған.

§ 28. XIII-XVII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті

Қалалар мен қала мәдениетінің монғол шапқыншылығынан кейін қайта жандануы XIII ғасырдың ортасында басталды. XIII ғасырдың ортасында монғол шапқыншылығынан кейін қала мәдениетінің жандануына Отрарда теңге сарайының жұмыс істей бастағандығы дәлел бола алады. XIII ғасырдың ортасына Қазақстан мен Орта Азияда теңгенің дәстүрлі үш түрін (динар, дирхем, мыс теңге) шығарған мекен - Отырар қаласы. XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағындағы ең елеулі сәулет ғи-мараты Ахмет Яссауи кесенесі болып табылады. Тарихшы Руз-бихан Ахмет Яссауи кесенесі туралы “дүние жүзіндегі ең ірі құрылыстардың бірі, кесенеде адамзаттың сәулет өнеріндегі жетістіктері таңғажайып дәрежеде берілген”-деп жазды. Орталық Қазақстанда орналасқан Алаша хан мен Жошы кесенелері XIV-XV ғасырлардағы сәулет өнерінің ғажайып ескерткіштері болып табылады. Осы кезде Сырдарияның оңтүстік жағалауындағы мәдени-экономикалық ірі орталық Сайрам қаласы болды.

Ал XV-XVII ғасырларда Созақ қаласы Қазақ хандығы билеушілерінің басты тірегі және әскери бақылау орталығына айналған болатын. Сондай-ақ, XVI-XVII ғасырлардың түйіс-кен тұсындағы Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласы болды. Қазақстан аумағында XIII-XIV ғасырларда халық ауыз әдебиеті мен әдебиет қыпшақ тілінде дамыды. Сол кездері “Ақсақ құлан”, “Жошы хан” атты күйлерді шығарған күйші найман Кетбұға. XV-XVII ғасырларда қазақтар араб жазуын қолданған. Қазақ халқының өмірін жан-жақты бейнелейтін айнасы- халық ауыз әдебиеті болды. XVI-XVII ғасырларда қазақ ауыз әдебиетіне мол үлес қосқандар Доспамбет жырау мен Қазтуған жырау. XVII ғасырларда қазақ тарихи әдебиетінің маңызды ескерткіші “Жами-ат тауарихты” жазған адам Қадырғали Жалаири. Сыпыра жырау Сұрғылтайұлы XIV ғасырда Батыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген жырау, суырып салма ақын. XVI ғасырда Тоқтамыс пен Едігенің билік құрған жылдары өмір сүрген. Сыпыра жайында “Ер Тарғында”, “тоғыз ханды түзеткен кісі еді” делінеді. “Телағыс” жырында ел бірлігінің ұраншысы, ал “Құбағұлда” “жүз сексенге келген” дана қария ретінде көрінеді. “Едіге би”, “Тоқтамыс туралы аңыз” деген жырлар бар. “Қырымның қырық батырын” жырлаған әйгілі Мұрын жырау өзін Сыпыра жыраудың ұрпағымын деген.

Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560 жж.). Белгілі жырау XV-XVI ғасырларда өмір сүрген 1490 жылы Әмір Темірдің уәзір билерінің бірі болды. Ал әкесі Тіленші өз тұсындағы ірі феодалдардың бірі болған, ал шешесі Ноғай ордасының ұлы биі Мұсаның қызы екен. Жыраудың шығармашылығынан бізге жеткені 600 жолдың шамасы. Шалкиіз жырау ғұмырының көп бөлігін Ноғай ордасының билеушісі Темір бидің қоластында өткізді. Өмірінің соңғы жылдарын Хақназар хан тұсындағы Қазақ мемлекетінде өткізеді. Шалкиіз жырларының негізгі тақырыптары-ерлік, батырлық, адамгершілік т.б.

Қазтуған Сүйенішұлы XV ғасырда өмір сүрген. Ол халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. Қазтуған жыраудың “Мадақ жыры”, “Туған жермен қоштасу” сынды туындыларын ежелгі қазақ поэзиясының таңдаулы үлгілеріне жатқызуға болады. Ақынның халық жады арқылы жеткен бірқатар толғаулары И. Березиннің “Түрік хрестоматиясында” (1862),

Ғабдолла Мүштақтың 1910 жылы шыққан “Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары” жинағында, М. Мағауиннің “Алдаспан” кітабында (1970 ж.) жарияланды. Еділдің төменгі ағысындағы Қажы Тархан (Астархань) маңында мекен еткен. Оның көптеген жырлары бізге жеткен. Мысалы, “Алаң да алаң, алаң жүрт” тағы басқа.

Асанқайғы Сәбитұлы XIV ғасырдың екінші жартысында Еділ бойында дүниеге келген философ-ақын, қазақтың жырауы. XV ғасырды 60 жылдары қайтыс болған. Оның өмір сүрген тұсы қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді. Халидұлы Құрбанғали өзінің “Тауарих хамса” атты еңбегінде әйгілі Майқы биді Асанқайғының арғы атасы еді дейді. Асанқайғы қазақ халқының ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді өмірлік мұрат еткен дала абызы. Осыған байланысты, Желмаясымен жер жанатын іздеген жырауды Асанқайғы деп атап кеткен. Тұла бойы ізгілікке толы, халқын сүйген дананы Ш. Ш. Уәлиханов “көшпенділер философы” деп атайды. Асанқайғы Алтын Орда ханы Ұлық-Мұхамедтің кеңесші биі, қазақ ханы Әз-Жәнібектің кеңесшісі болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Айдаров Ф. Орхон ескерткіштері.- Алматы, 1990.
2. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі.- Алматы, 2000.
3. Ақышев К. Отырар келбеті.- Алматы, 1979.
4. Аманжолов А. Түрік филологиясы және жазу тарихы.- Алматы, 1996.
5. Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері.- Алматы, 1987.
6. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк.- Алматы, 1969.
7. Тұрлығұл Т., Төлеубаев Ә., Құнапина Қ. Ежелгі Қазақстан тарихы. 6-сынып.
8. Әбілғазы. Түрік шежіресі.- Алматы, 1992.
9. Байпақов К., Ермакович Л. Қазақстанның ежелгі қалалары.- Алматы, 1971 (орыс тілінде).
10. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан.- Алматы, 1992 (орыс тілінде).
11. Гумилев Л. Н. Көне түріктер.- Алматы, 1994.
12. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары.- Алматы, 1995.
13. Дулати М. Х. Тарих-и Рашиди.- Алматы, 2003.
14. Жолдасбаев С., Бабаев Д. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 7-сынып.
15. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 1-2 томдар.- Алматы, 1996, 1998.
16. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші. (көне түркі тілінен аударған М. Жолдасбеков).- Алматы, 1986.
17. Қасиманов С. Қазақ халқының кол өнері.- Алматы, 1995.
18. Мағауин М. Қазақ тарихының әліпшесі.- Алматы, 1994.
19. Монғолдардың құпия шежіресі.- Алматы, 1998.
20. Сөнбес жұлдыздар.- Алматы, 1989.
21. Кәдірқұлова Г. Қ. Қазақстан тарихы.- Алматы, 2005.
22. Қазақстан тарихы (оқушы анықтамасы) 5-11 сынып-тар.- Алматы, 2005.
23. Смағұлов С. Қазақстан тарихы (ұлттық бірыңғай тест тапсырушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал).- Алматы, 2004, 2005, 2006.

24. Жолдасбаев С. Ежелгі және Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы.- Алматы, 1995.
25. Қазақтар-казахи. 1-2 том.- Алматы, 1998.
26. Қазақтың көне тарихы.- Алматы, 1993.
27. Абдрахманов Х. Қазақ халқының тарихы, тағдыры.- Астана, 2002.
28. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші.- Алматы, 1995.
29. Маданов Қ. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері.- Алматы, 1995.
30. Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана.- Алматы, 1979.
31. Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов.- Алматы, 1995.
32. Акишев К. А. Искусство и мифология саков.- Алматы, 1984.
33. Ахинжанов С. М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана.- Алматы, 1989.
34. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.- Алматы, 1996.
35. Маданов Х. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы.- Алматы, 1995.
36. Қазақстан тарихы. (Очерктер).- Алматы, 1995.
37. Беляев К. Ж., Салқынбек Д. И. Ұлы дала және Қазақ хандығы.- ҚазҰТУ хабаршысы 4, 1995.
38. Маданов Х. М., Мусин Ч. Ұлы дала тарихы.- Алматы, 1994.
39. Қаратаев Т. Қ. Тарихтағы аттас тұлғалар.- Ақтөбе, 2002.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
I-тарау. Ежелгі Қазақстан.	
§ 1. Қазақстан тас дәуірінде.....	5
§ 2. Қазақстан қола дәуірінде ..	8
II-тарау. Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтар.	
§ 3. Сақтар.....	11
§ 4. Үйсіндер.....	13
§ 5. Қаңлылар.....	14
§ 6. Ғұндар.....	15
§ 7. Сарматтар.....	17
III-тарау. Орта ғасырлардағы Қазақстан.	
§ 8. Түрік қағанаты (552—603 жж.).....	19
§ 9. Батыс Түрік қағанаты (603—704 жж.).....	21
§ 10. Түргеш қағанаты (704—756 жж.).....	22
§ 11. Қарлұқ қағанаты (756—940 жж.).....	23
§ 12. Оғыз мемлекеті (IX ғ. соңы — XI ғ. басы).....	24
§ 13. Қимақ қағанаты (IX ғ. соңы — XI ғ. басы).....	26
§ 14. Қыпшақтар.....	27
§ 15. Қарахан мемлекеті (942—1212 жж.).....	28
§ 16. Қаракытай мемлекеті (1128—1213 жж.).....	29
§ 17. Найман мен Керей ұлыстары.....	30
§ 18. VI—XII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті.....	32
§ 19. Ұлы Жібек Жолы.....	36
IV-тарау. Қазақстан Монғол шапқыншылығы дәуірінде.	
§ 20. Монғол мемлекетінің құрылуы.....	38
§ 21. Алтын Орда мемлекеті.....	40
§ 22. Ақ Орда.....	41
§ 23. Моғолстан.....	42
§ 24. Әбілхайыр хандығы (1428—1468 жж.).....	43
§ 25. Ноғай ордасы (XIV—XVI ғғ.).....	44
V-тарау. Қазақ хандығы.	
§ 26. Қазақ хандығының құрылуы.....	46
§ 27. Қазақ халқының қалыптасуы.....	49
§ 28. XIII—XVII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті.....	52
Пайдаланылған әдебиет.....	55

М. Б. Әмірханов, Ө. Д. Сандықбаева

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Оқу құралы

ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансеитов Н. Н.

Техникалық редакторлар: Сляднева А. А.
Беттеуші: Сляднева А. А.
Дизайн: Савельев А. О.
Оператор: Умурова Г. О.

Басуға 13.12.2006 қол қойылды. Қаріп түрі «Times»

«Нұр-пресс» баспасы
050057 Алматы қ.,
Тел./факс: 2747-833, 2742-650.
E-mail: law-literature2006@rambler.ru